

**Банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын ашуға рұқсат беру қағидаларын, Банктерді, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарын банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензиялау, ислам банктері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуді лицензиялау қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 36 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 наурызда № 20228 болып тіркелді.

**Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 6 т. қараңыз**

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын ашуға рұқсат беру қағидалары;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Банктерді, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарын банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензиялау, ислам банктері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуді лицензиялау қағидалары бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілері құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Банктерді реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Халықаралық қатынастар және сыртқы коммуникациялар басқармасы осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және дамыту  
Агенттігінің Төрағасы

*М. Абылкасымова*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі  
2020 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі  
2020 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту агенттігі  
Басқармасының  
2020 жылғы 30 наурыздағы  
№ 36 қаулысына  
1-қосымша

**Банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалын ашуға рұқсат беру қағидалары**

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Негіздер жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 25.01.2021 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын ашуға рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" (бұдан әрі – Банктер туралы заң), "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" (бұдан әрі - Рұқсаттар және хабарламалар туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган, көрсетілетін қызметті беруші) банкті, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалын ашуға рұқсат беру (бұдан әрі – рұқсат, мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады, тиісті нормативтік құқықтық актіні әділет органдарында мемлекеттік тіркегеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс орталығына жіберіледі.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қағидаларда Банктер туралы заңда, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңда, Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңда, "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген мағынада қолданылатын ұғымдар пайдаланылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## **2-тарау. Банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын ашуға рұқсат беру тәртібі**

3. Банкті ашуға рұқсат алу үшін жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – өтініш беруші, көрсетілетін қызметті алушы) уәкілетті органға "электрондық үкіметтің" [www.egov.kz](http://www.egov.kz), веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк ашуға рұқсат беру туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш) береді.

4. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын ашуға рұқсат алу үшін Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі (бұдан әрі – өтініш беруші, көрсетілетін қызметті алушы) уәкілетті органға портал арқылы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын ашуға рұқсат беру туралы өтініш (бұдан әрі – өтініш) береді.

5. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Қағидаларға 3-қосымшада келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушыға Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерін жүзеге асыруға келісім беру Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы "жеке кабинетке" жолдаған кезде нәтижені алу күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе автоматты түрде көрсетіледі.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

6. Көрсетілетін қызметті берушінің хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері өтінішті келіп түскен күні қабылдайды, тіркейді және мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты бөлімшеге (бұдан әрі – жауапты бөлімше) орындауға жібереді. Көрсетілетін қызметті алушының өтініші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес демалыс және мереке күндері келіп түскен жағдайда, өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

7. Жауапты бөлімшенің қызметкері өтініш тіркелген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын ақпараттық жүйелерден немесе цифрлық құжаттар сервисінен мынадай құжаттарда:

Қазақстан Республикасы резидент-жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын;

Қазақстан Республикасы резидент-жеке тұлғасында алынбаған немесе өтелмеген соттылықтың жоқ екенін растайтын;

Қазақстан Республикасы резидент-занды тұлғасын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі және (немесе) құжаттардың қолданыс мерзімі өткені белгіленген жағдайда жауапты бөлімше көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетіне" портал арқылы жібереді.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

8. Ұсынылған құжаттардың толық болу фактісі белгіленгеннен кейін жауапты бөлімше 50 (елу) жұмыс күні ішінде құжаттарды Қазақстан Республикасы банк заңнамасының талаптарына сәйкес келуі тұрғысынан қарайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер анықталған жағдайда, уәкілетті орган қызмет алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ қызмет алушыға алдын ала шешім бойынша өз пікірін білдіруі үшін тыңдаудың өтетін уақыты мен орны (әдісі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Қызмет алушы ұсынған құжаттарды қарау, тыңдау нәтижелері бойынша жауапты бөлімше банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын ашуға рұқсат беру не беруден бас тарту туралы қаулысының жобасын дайындайды және уәкілетті орган Басқармасының қарауына шығарады. Көрсетілетін қызметті берушінің Басқармасы Қағидаларға 3-қосымшаның 9-тармағында көзделген негіздер бойынша банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын ашуға рұқсат беру не банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын ашуға рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Жауапты бөлімшенің қызметкері көрсетілетін қызметті беруші Басқармасының қаулысын жауапты бөлімше алған күннен кейінгі келесі 4 (төрт) жұмыс күні ішінде ( мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі шегінде) көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" портал арқылы банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын ашуға рұқсаттың электрондық көшірмесімен қоса бере отырып көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған электрондық құжат нысанында банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын ашуға рұқсат беру туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап жібереді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер болған жағдайда, өтінішті қарау мерзімі көрсетілетін қызметті беруші басшысының дәлелді шешімімен өтінішті дұрыс қарау үшін маңызы бар деректі мән-жайларды белгілеу қажеттілігіне орай қонымды, бірақ 2 (екі) айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 76-бабының 3-тармағына сәйкес, бұл туралы көрсетілетін қызметті алушы мерзім ұзартылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар болады.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

9. Мемлекеттің қызметтің көрсетілу сатысы туралы ақпарат мемлекеттік қызметтердің көрсетілуін мониторингтеу ақпараттық жүйесінде автоматты режимде жаңартылады.

Банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын ашуға рұқсат беру туралы хабарлама көрсетілетін қызметті алушыға және "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына жіберіледі.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

10. Ұсынылған құжаттар Банктер туралы заңның 24-бабында және 13-1-бабының 3-тармағында көзделген банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын ашуға рұқсат беруден бас тартудың негіздерін қоспағанда, Банктер туралы заңның және Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, уәкілетті орган Банктер туралы заңның 23-бабының 1-тармағында және 13-1-бабының 5-тармағында көрсетілген оларды қарау мерзімі ішінде өтініш берушіге оларды жою және Қазақстан Республикасы банк заңнамасының талаптарына сәйкес келетін, пысықталған ( түзетілген) құжаттарды ұсыну үшін ескертулермен хат жібереді.

Уәкілетті орган Қағидаларда көзделген, тазартулары, қосып жазылған не сызылған сөздері бар құжаттардың электрондық көшірмелерін қарауға қабылдамайды.

11. Банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын ашуға рұқсат Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

12. Шет мемлекеттердің қаржылық қадағалау органы, құзыретті органдары немесе лауазымды тұлғалары берген құжаттар (Қазақстан Республикасы бейрезидент-жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын құжаттарды қоспағанда) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес заңдастырылуға немесе апостильдендірілуге тиіс.

Шет тілінде ұсынылған құжаттар көрсетілген құжаттар қазақ және орыс тілдеріне аударылады және Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасына сәйкес нотариат куәландыруға тиіс.

### **3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағымдану тәртібі**

13. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне шағымдану жазбаша түрде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды көрсетілетін қызметті берушінің жоғары тұрған лауазымды адамы, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

Шағымды қабылдаған адамның аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты: 8-800-080-7777 немесе 1414 телефоны бойынша Бірыңғай байланыс орталығына хабарласу арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинеттен" жіберген кезде, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу кезінде жаңартылатын өтініш туралы ақпаратқа (жеткізілім, тіркеу, орындау туралы жазбалар, қарауға жауап немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қол жеткізуге болады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету туралы көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен шағымы ол тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы ол тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

#### 14. Шағымда:

1) көрсетілетін қызметті алушының (жеке тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, пошталық мекенжайы не көрсетілетін қызметті алушының (занды тұлғаның) толық атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің атауы және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);

3) шағым беруші тұлға өзінің талаптары мен дәлелдемелерін негіздейтін жағдайлар;

4) шағымның шығыс нөмірі және берілген күні;

5) шағымға қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетіледі.

Шағымға көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі болып табылатын тұлға қол қояды.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

15. Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

**Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Банкті, Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-банкiнiң филиалын  
ашуға рұқсат беру қағидаларына  
1-қосымша

"Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту агенттiгi"  
республикалық  
мемлекеттiк мекеме  
(БСН 191240019852)

Нысан

### **Банк ашуға рұқсат беру туралы өтiнiш**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

---

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі (болған кезде), заңды тұлғаның атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі (болған кезде), заңды тұлға өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде))

---

(өтiнiш берушiнiң осы өтiнiштi құрылтайшылардың атынан)

---

беруге өкілеттігін растайтын нотариат куәландырған немесе өзге түрде



---

куәландырылған құжатқа сілтеме)

---

(өтініш берушінің жұмыс орны және ол атқаратын лауазымы, тұрғылықты жері,

---

заңды мекенжайы)

құрылтай жиналысының \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

хаттамасына сәйкес:

1) \_\_\_\_\_

(құрылатын банктің толық атауы мен орналасқан жері)

\_\_\_\_\_ ашуға рұқсат;

2) \_\_\_\_\_

---

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), заңды тұлғаның атауы (болған кезде)) банктің ірі қатысушысы және (немесе) банк холдингі мәртебесін иеленуіне (қажеттісін таңдау қажет) келісім беруді (қажет болған жағдайда толтырылады);

3) \_\_\_\_\_

---

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), заңды тұлғаның атауы (болған кезде))

---

(қажеттісін таңдау қажет)

---

(ашылатын банктің атауы)

(қажет болған жағдайда толтырылады)

еншілес ұйымын құруға немесе капиталына қомақты қатысуға рұқсат беруді сұрайды.

Акцияларды сатып алу үшін пайдаланылатын көздер мен қаражаттың сипаттамасын қоса алғанда, банктің акцияларын сатып алу талаптары мен тәртібі туралы мәліметтер

---

— Құрылтайшы (құрылтайшылар) өтінішке қоса берілген құжаттар мен мәліметтердің дәйектілігін, сондай-ақ уәкілетті органға осы өтінішті қарауға байланысты сұратылған

ақпараттың уақтылы ұсынылғанын растайды.

Құрылтайшы (құрылтайшылар) дербес деректерін жинау мен өңдеуге және ақпараттық

жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметті пайдалануға келісім береді.

Қосымша (жіберілген құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, олардың әрқайсысы бойынша даналар және парақтар санын көрсету):

---

---

---

(өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы, күні)

Банкті, Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-банкінің филиалын  
ашуға рұқсат беру қағидаларына

2-қосымша

"Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту агенттігі"

республикалық мемлекеттік  
мекеме (БСН 191240019852)

Нысан

## **Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалын ашуға рұқсат беру туралы өтініш**

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

---

— Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің атауы, бизнес сәйкестендіру нөмірі

немесе резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі болып табылатын мемлекеттің еліндегі заңды тұлға үшін қалыптастырылатын өзге бірегей нөмір (болған кезде), Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

---

— (нотариат куәландырған немесе өзгеше түрде куәландырылған,

---

— Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің атынан осы өтінішті беруге

---

— өтініш берушінің өкілеттігін растайтын құжатқа сілтеме)

---

(өтініш берушінің жұмыс орны және ол атқаратын лауазым, тұрғылықты жері,

---

заңды мекенжайы)

---

(Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң шешiм қабылдаған органының атауы)

Қазақстан Республикасының аумағында филиал ашу туралы 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ шешiмiне сәйкес:

1) \_\_\_\_\_

(Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң ашылатын филиалының атауы және орны) \_\_\_\_\_ ашуға рұқсат беруді сұрайды.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi өтiнiшке қоса берiлген құжаттар мен мәлiметтердiң дәйектiлiгiн, сондай-ақ уәкiлеттi органға осы өтiнiштi қарауға байланысты сұратылатын ақпараттың уақтылы ұсынылғанын растайды.

Дербес деректерiмдi жинауға және өндеуге және ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәлiметтердi пайдалануға келiсiм беремiн.

Қосымша (жiберiлген құжаттар мен мәлiметтердiң тiзбесiн, олардың әрқайсысы бойынша даналар мен парақтар санына көрсету):

---

---

---

---

(өтiнiш берушiнiң электрондық цифрлық қолтаңбасы, күнi)

Банкті, Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-банкiнiң филиалын  
ашуға рұқсат беру қағидаларына  
3-қосымша

### **Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негiзгi талаптар тiзбесi**

**Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттiгi Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк алпыс күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) қаулысымен.**

---

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы "Банкті, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалын ашуға рұқсат беру".

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлері:

1) банкті ашуға рұқсат алу үшін;

2) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалын ашуға рұқсат алу үшін.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал).
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша порталға өтініш берген күннен бастап 65 (алпыс бес) жұмыс күні ішінде.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша электрондық (толық автоматтандырылған)/ "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін
5	Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі	Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банкті, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалын ашуға рұқсатты қоса бере отырып, банкті, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалын ашуға рұқсат беру туралы хабарлама не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша тегін
		1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат

Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат нысандарының жұмыс кестесі

13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

2) порталдың – жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Мерекелер туралы заңға сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін жіберу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Көрсетілетін қызметті алушы банк ашуға рұқсат алу үшін өтініш жасаған кезде:

1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат түріндегі банк ашуға рұқсат беру туралы өтініш (өтініш берушінің осы өтінішті беруге өкілеттіктерін растайтын құжаты қоса ұсыну арқылы);

2) құрылтай жиналысының нотариат куәландырған және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген жиналысы хаттасының электрондық көшірмесі;

3) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктің жарғылық капиталындағы үлесі 10 (он) пайыздан аз құрылтайшы – жеке тұлға туралы мәліметтердің электрондық көшірмелері;

4) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банктің жарғылық капиталындағы үлесі 10

(он) пайыздан аз құрылтайшы – заңды тұлға туралы мәліметтердің электрондық көшірмелері;

5) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 11-1-бабына сәйкес ұсынылатын құжаттар мен мәліметтер;

6) Банктер туралы заңның 17-1-бабында көзделген өтініш пен бизнес-жоспарды қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушының банктің немесе банк холдингінің ірі қатысушысы мәртебесін алу қажеттілігі болған жағдайда, Банктер туралы заңның 17-1-бабына сәйкес ұсынылатын құжаттар мен мәліметтер;

7) акцияларды сатып алу талаптары мен тәртібін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері, сондай-ақ акцияларды сатып алу үшін пайдаланылатын көздер мен қаражат.

Банктің акцияларын сатып алу үшін пайдаланылатын көздер Банктер туралы заңның 17-1-бабы 4-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қаражат болып табылады;

8) құрылтайшылар құжаттарға қол қоюға өкілеттік берген адам бекіткен, осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 3-қосымшаға сәйкес талаптар ескерілген, жаңадан құрылатын банктің бизнес-жоспарының электрондық көшірмесі;

9) тиісті мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушісінің осы тұлғаға Қазақстан Республикасының резидент банкінің акцияларын иеленуге рұқсат етілгендігі туралы жазбаша хабарламасының электрондық көшірмесі (Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері үшін – банктерді қадағалау органының) не тиісті мемлекеттің уәкілетті органының (Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжат мен мәліметтердің тізбесі

бейрезидент банктері үшін – банктерді қадағалау органының) көрсетілген құрылтайшы мемлекетінің заңнамасы бойынша мұндай рұқсаттың талап етілмейтіні (Қазақстан Республикасының бейрезидент құрылтайшылары үшін) туралы өтінішінің электрондық көшірмесі ;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген құрылтай құжаттарының (құрылтай шарты, жарғы) электрондық көшірмелері (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариат куәландырған). Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалын ашуға рұқсат алу үшін өтініш жасаған кезде:

1) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалын ашуға рұқсат беру туралы, Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат түріндегі өтініш (өтініш берушінің осы өтінішті беруге өкілеттігін растайтын құжатты қоса бере отырып);

2) көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының аумағында филиал ашу туралы шешімінің электрондық көшірмесі;

3) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалы туралы ереже жобасының электрондық көшірмесі;

4) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң құрылтай құжаттарының электрондық көшірмелері (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариат куәландырған);

5) осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының

бейрезидент-банкі туралы мәліметтердің электрондық көшірмелері;

6) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының ұйымдық құрылымының және көрсетілетін қызметті алушының үлестес тұлғалары туралы мәліметтердің электрондық көшірмелері;

7) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің ашылатын филиалының осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесіне 3-қосымшаға сәйкес талаптар ескерілген, көрсетілетін қызметті алушының лауазымды тұлғасы не көрсетілетін қызметті алушының құжаттарға қол қоюға уәкілетті тұлғасы бекіткен бизнес-жоспарының электрондық көшірмесі;

8) өтініш берген күні көрсетілетін қызметті алушыда тізбесі "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-банктері филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингтік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысы мен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 нөмірімен тіркелген) белгіленетін рейтингтік агенттіктердің бірінің ең төмен талап етілетін рейтингінің болуын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі;

9) резиденті көрсетілетін қызметті алушы болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау



органының Қазақстан Республикасының аумағында Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалын ашуға қарсы келiспеушiлiктердiң болмауы туралы жазбаша хабарламасының электрондық көшiрмесi не резидентi көрсетiлетiн қызметтi алушы болып табылатын мемлекеттiң заңнамасы бойынша осындай рұқсаттың талап етiлмейтiнi туралы өтiнiш;

10) резидентi көрсетiлетiн қызметтi алушы болып табылатын мемлекеттiң қаржылық қадағалау органының көрсетiлетiн қызметтi алушыда банктiк қызметтi жүзеге асыруға қолданыстағы лицензиясының болуы туралы жазбаша растамасының электрондық көшiрмесi;

11) резидентi көрсетiлетiн қызметтi алушы болып табылатын мемлекеттiң қаржылық қадағалау органының көрсетiлетiн қызметтi алушының өтiнiш беру алдындағы екi жыл iшiнде резидентi көрсетiлетiн қызметтi алушы болып табылатын мемлекеттiң заңнамасында белгiленген пруденциялық нормативтердi және сақтауға мiндеттi өзге нормалар мен лимиттердi бұзбағаны туралы жазбаша растамасының электрондық көшiрмесi;

12) көрсетiлетiн қызметтi алушының Қазақстан Республикасының аумағында iс-әрекет жасайтын филиалдың қызметiне байланысты мiндеттемелер филиал тарапынан орындамаған және (немесе) тиiстi түрде орындалмаған жағдайда оларды көрсетiлетiн қызметтi алушының сөзсiз және шұғыл орындайтыны туралы жазбаша мiндеттемесiнiң электрондық көшiрмесi;

13) "Заңды тұлғаларды мемлекеттiк тiркеу және филиалдар мен өкiлдiктердi есептiк тiркеу туралы" Қазақстан

		<p>Республикасының Заңының 6-2-бабында көзделген құжаттар;</p> <p>14) көрсетілетін қызметті алушының резиденті көрсетілетін қызметті алушы болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органы берген қолданыстағы лицензиясының электрондық көшірмесі.</p>
		<p>Банк ашуға рұқсат беру кезінде:</p> <p>1) банк атауының Банктер туралы заңның 15-бабы 2, 3, 3-1 және 4-тармақтарының талаптарына сәйкес келмеуі;</p> <p>2) банк құрылтайшыларының қаржылық жағдайының орнықсыздығы.</p> <p>Қаржылық жағдайдың орнықсыздығы деп Банктер туралы заңның 17-1-бабының 10-тармағында белгіленген белгілердің болуы түсініледі;</p> <p>3) құрылтайшы – жеке тұлға не құрылтайшы – заңды тұлғаның атқарушы органының, басқару органының (ол құрылған жағдайда) бірінші басшысының (атқарушы органның функцияларын жеке дара жүзеге асыратын адам): заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар болған;</p> <p>уәкілетті орган немесе резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органы оларды таратуға және (немесе) қаржы нарығындағы қызметті жүзеге асыруды тоқтатуға не қаржы ұйымын, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енуіне немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы болып табылатын мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен банкрот деп тануға әкеп</p>

соққан банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде қаржы ұйымының, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымының басқару органының бірінші басшысы, атқару органының бірінші басшысы немесе оның орынбасары, бас бухгалтері, бас бухгалтердің орынбасары қызметінде болған жағдайларда. Көрсетілген талап уәкілетті орган немесе резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органы оларды таратуға және (немесе) қаржы нарығындағы қызметті жүзеге асыруды тоқтатуға не қаржы ұйымын, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енуіне немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы болып табылатын мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен банкрот деп тануға әкеп соққан банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағаннан кейін бес жыл бойы қолданылады. Осы тармақшаның мақсаттары үшін қаржы ұйымы, банк деп Қазақстан Республикасының

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері

бейрезидент-банкiнiң филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерiнiң филиалы да түсiнiледi;

4) Банктер туралы заңның 17-1-бабы талаптарының сақталмауы;

5) Банктер туралы заңның 17-бабында белгіленген шектеулердiң сақталмауы;

6) банктiң, банк холдингiнiң iрi қатысушысы мәртебесiн иеленуге келiсiм беруден уәкiлеттi органның бас тартуы;

7) банктiң еншiлес ұйымын құруға (иеленуге) рұқсат беруден бас тарту;

8) құрылатын банктiң бизнес-жоспары және көрсетiлетiн қызметтi алушы ұсынған өзге де құжаттар:

алғашқы 3 (үш) қаржы (операциялық) жылы өткеннен кейiн банк қызметiнiң рентабельдi болатынын;

банктiң тәуекелдi шектеуге қойылатын талаптарды сақтауға және тиiстi басқару құрылымын құруға ниет бiлдiретiнiң;

банктiң өз қызметiнiң жоспарларына сәйкес келетiн ұйымдық құрылымы болатынын;

банктiң өз қызметiнiң жоспарларына сәйкес келетiн есеп және бақылау құрылымы болатынын көрсетпеуi.

9) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрi – Дербес деректер туралы заң) 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетiлетiн қызметтi алушының мемлекеттiк қызмет көрсету үшiн талап етiлетiн қолжетiмдiлiгi шектеулi дербес деректерге қол жеткiзуге келiсiмiнiң болмауы.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалын ашуға рұқсат беру кезiнде:

1) Банктер туралы заңның 13-1-бабының 1-тармағында

көрсетілген талаптарға сәйкес келмеу;

2) Банктер туралы заңның 13-1-бабы 2-тармағының 8) және 11) тармақшаларында белгіленген талаптардың сақталмауы;

3) бизнес-жоспар немесе ұсынылатын өзге де құжаттар: алғашқы үш қаржы (операциялық) жыл өткеннен кейін Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалы қызметінің рентабельді болатынын; Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының тәуекелді шектеуге қойылатын талаптарды сақтауға және тиісті басқару құрылымын құруға ниет білдіретінін; Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының өз қызметінің жоспарларына сәйкес ұйымдық құрылымы болатынын; Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының өз қызметінің жоспарларына сәйкес келетін есептік және бақылау құрылымы болатынын көрсетпейді;

4) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы атауының Банктер туралы заңның 4-1-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес келмеуі;

5) ұсынылған құжаттар бойынша уәкілетті органның ескертулерін белгіленген мерзімде жоймауы;


6) Дербес деректер туралы заңның 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.

Мемлекеттік қызметтер көрсету орындарының мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы

10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар	<p>ақпаратты порталдың "жеке кабинеті" арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414. Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша мемлекеттік қызмет көрсетудің барлық кіші түрлері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет бір өтініштің негізінде бірнеше мемлекеттік қызметтің жиынтығын көрсетуді көздейтін "бір өтініш" қағидаты бойынша жүзеге асырылады.</p>
----	---	--

Мемлекеттік қызмет көрсетуге  
койылатын негізгі  
талаптар тізбесіне  
1-қосымша  
Нысан  
"Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту агенттігі"  
республикалық мемлекеттік  
мекеме (БСН 191240019852)



**Банктің жарғылық капиталындағы үлесі 10 (он) пайыздан аз құрылтайшы – жеке тұлға туралы мәліметтер**

(банктің атауы)

20\_\_ ЖЫЛҒЫ " \_\_ " \_\_\_\_\_

1. Құрылтайшы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

2. Туған күні \_\_\_\_\_

3. Туған жері \_\_\_\_\_

4. Азаматтығы \_\_\_\_\_

5. Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері \_\_\_\_\_

6. Жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса) \_\_\_\_\_

7. Тұрғылықты жері және заңды мекенжайы \_\_\_\_\_

8. Телефон нөмірі (қаланың коды, жұмыс және үй) \_\_\_\_\_

9. Жұбайы (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі (қарындасы)

балалары) және жекжаттары (жұбайының (зайыбының) ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі (қарындасы), балалары) туралы мәліметтер

№	Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Туған жылы	Туыстық қатынастар	Жұмыс орны мен лауазымы
1	2	3	4	5

10. Еңбек қызметі туралы мәліметтер

Бұл тармақта құрылтайшы – жеке тұлғаның еңбек қызметі, сондай-ақ оның басқару органына мүше болуы туралы, оның ішінде жоғарғы оқу орнын аяқтаған кезден бастап, сондай-ақ құрылтайшы - жеке тұлға еңбек қызметін жүзеге асырмаған кезең туралы мәліметтер көрсетіледі.

№	Жұмыс істеген кезеңі (күні, айы, жылы)	Жұмыс орны (ұйымы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда, ұйымының тіркелген елі көрсетіледі)	Лауазымы	Тәртіптік жаза қолданудың болуы	Жұмыстан шығу, лауазымнан босату себептері
1	2	3	4	5	6

11. Оларға қатысты құрылтайшы – жеке тұлға ірі акционер болып табылатын не мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлғалар туралы мәліметтер

Мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы деректер, заңды тұлға	Жарғылық капиталға қатысу үлесі немесе құрылтайшы – жеке тұлғаға тиесілі акциялар санының заңды тұлғаның

№	Заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері (бар болса заңды тұлғаның БСН)	қызметінің жарғылық түрлері (негізгі қызмет түрлерін көрсету)	орналастырылған акцияларының жалпы санына (артықшылық берілген және сатып алынғандарын шегергенде) арақатынасы (пайызбен)
1	2	3	4

Ескертпе: 4-бағанда құрылтайшы – жеке тұлғаның сенімгерлік басқаруындағы үлесті, сондай-ақ иелену нәтижесінде құрылтайшы – жеке тұлға өзге тұлғалармен бірлесіп ірі қатысушы болып табылатын акциялар (үлестер) санын есептегендегі үлесті көрсету қажет.

12. Құрылтайшы-жеке тұлға уәкілетті орган немесе резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органы оларды таратуға және (немесе) қаржы нарығындағы қызметті жүзеге асыруды тоқтатуға не қаржы ұйымын, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енуіне немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымы болып табылатын мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен банкрот деп тануға әкеп соққан банкті төлем жасауға қабілетсіз банктер санатына жатқызу не оның акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымын лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде қаржы ұйымының, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымының басқару органының бірінші басшысы, атқару органының бірінші басшысы немесе оның орынбасары, бас бухгалтері, бас бухгалтердің орынбасары қызметінде болғаны туралы мәліметтер.

Осы тармақшаның мақсаттары үшін қаржы ұйымы деп Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы да түсініледі.

---

(иә (жоқ), ұйымның

---

атауы, лауазымы, жұмыс істеу кезеңі көрсетілсін)

13. Құрылтайшы-жеке тұлғаның бұрын қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, қатарынан төрт және одан да көп кезең бойы шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша дефолтқа жол берген не дефолтқа жол берілген шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша берешегінің сомасы купондық сыйақының төрт еселенген және (немесе) одан да көп



мөлшерін құрайтын не шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша дефолттың мөлшері республикалық бюджет туралы заңда төлеу күніне белгіленген айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асып түсетін соманы құрайтын заңды тұлға – эмитенттің ірі қатысушысының (ірі акционерінің) жеке тұлға – ірі қатысушысы (ірі акционері), басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері болғаны туралы мәліметтер \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(иә (жоқ), ұйымның

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

атауы, лауазымы, жұмыс істеу кезеңі көрсетілсін)

14. Құрылтайшы – жеке тұлға сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін жауаптылыққа тартылды ма не тағайындау (сайлау), оны келісу үшін құжаттарды беру күніне дейін үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жазаға тартылды ма (Қордың басшы қызметкері лауазымына үміткер толтырмайды)

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(иә (жоқ), құқық бұзушылықтың, қылмыстың қысқаша сипаттамасы,

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

жаза қолдану туралы актінің немесе сот шешімінің деректемелері,

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

жауапкершілікке тарту негіздерін көрсете отырып)

15. Құрылтайшы – жеке тұлғаға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) немесе оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған сот шешімі бар ма

16. Мәліметтерге:

құрылтайшы – жеке тұлғаның жеке басын растайтын құжаттың көшірмесі ( азаматтығы жоқ шетелдіктер үшін);

құрылтайшы – жеке тұлғада азаматтығы бар елде (шетелдіктер үшін) немесе тұрғылықты тұратын елде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екендігі туралы мәліметтерді растайтын, олардың азаматтығы бар елдің (олар тұрғылықты тұратын елдің –

азаматтығы жоқ адамдар үшін) мемлекеттік органы берген құжат қоса беріледі. Егер құрылтайшы-жеке тұлға соңғы 10 (он) жыл ішінде азаматтығы бар елден тыс жерде тұрақты тұрған жағдайда, сондай-ақ құрылтайшы-жеке тұлға соңғы 10 (он) жыл тұрақты тұрған елде қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екендігі туралы құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады. Көрсетілген құжатты беру күні өтініш берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылған құжатта оның қолданылуының өзге мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда). Егер мемлекеттік органы қылмыстар үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екені туралы мәліметтерді растауға уәкілетті елдің заңнамасында олар туралы көрсетілген мәліметтер сұратылатын тұлғаларға растайтын құжаттар беру көзделмесе, онда тиісті растау азаматтығы бар елдің (шетелдіктер үшін) немесе тұрғылықты тұратын елдің (азаматтығы жоқ адамдар үшін) уәкілетті органының хатымен уәкілетті органның атына жіберіледі.

Осы ақпаратты өзім тексергенімді және оның дәйекті және толық болып табылатынын растаймын, сондай-ақ банк құрылтайшыларына қойылатын талаптарға сәйкестігін және мінсіз іскерлік беделімнің болуын растаймын.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті дербес деректерді жинау мен өңдеуге және ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімімді беремін.

Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

---

(құрылтайшы – жеке тұлға өз қолымен баспа әріптерімен толтырады)

Қолы \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

Мемлекеттік қызмет көрсетуге  
қойылатын негізгі  
талаптар тізбесіне  
2-қосымша  
Нысан  
"Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту агенттігі"  
республикалық мемлекеттік  
мекеме (БСН 191240019852)

**Банктің жарғылық капиталындағы үлесі 10 (он) пайыздан аз құрылтайшы – заңды тұлға туралы мәліметтер**

---

(банктің атауы)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

1. Құрылтайшы \_\_\_\_\_

(атауы)

2. Орналасқан жері және нақты мекенжайы \_\_\_\_\_

(пошта индексі, облыс, қала, көше, телефон нөмірі)

3. Мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер \_\_\_\_\_

(құжаттың атауы, берілген күні мен нөмірі, кім берді)

4. Бизнес сәйкестендіру нөмірі (бар болса) \_\_\_\_\_

5. Қызмет түрі \_\_\_\_\_

(қызметтің негізгі түрлері көрсетіледі)

6. Қазақстан Республикасының резиденті немесе бейрезиденті \_\_\_\_\_

7. Оларға қатысты құрылтайшы – заңды тұлға ірі акционер болып табылатын не мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлғалар туралы мәліметтер

№	Заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері (бар болса заңды тұлғаның БСН)	Мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы деректер, заңды тұлға қызметінің жарғылық түрлері (негізгі қызмет түрлерін көрсету)	Жарғылық капиталға қатысу үлесі немесе құрылтайшы – заңды тұлғаға тиесілі акциялар санының заңды тұлғаның орналастырылған акцияларының жалпы санына (артықшылық берілген және сатып алынғандарын шегергенде) арақатынасы (пайызбен)
1	2	3	4

Ескертпе: 4-бағанда құрылтайшы – заңды тұлғаның сенімгерлік басқаруындағы үлесті, сондай-ақ иелену нәтижесінде құрылтайшы – заңды тұлға өзге тұлғалармен бірлесіп ірі қатысушы болып табылатын акциялар (үлестер) санын есептегендегі үлесті көрсету қажет.

8. Соңғы күнтізбелік 3 (үш) жылда құрылтайшы - заңды тұлғада ірі қаржылық проблемалар, оның ішінде банкротқа ұшырау, консервация, сауықтыру болды ма

(олардың туындау себептері, осы проблемаларды шешу нәтижелері)

9. Атқарушы органның бірінші басшысы (атқарушы органның функцияларын жалғыз жүзеге асыратын тұлға)

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Туған күні \_\_\_\_\_

Туған жері \_\_\_\_\_

Азаматтығы \_\_\_\_\_

Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері \_\_\_\_\_

Жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса) \_\_\_\_\_

Тұрғылықты жері және заңды мекенжайы \_\_\_\_\_

### Білімі

№	Оқу орнының атауы	Қабылданған жылы – аяқтаған жылы	Мамандығы	Білім туралы дипломның деректемелері (күні және нөмірі бар болса)
1	2	3	4	5

Жұбайы (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі (қарындасы), балалары) және құрылтайшы – заңды тұлғаның атқарушы органының бірінші басшысының (атқарушы органның функцияларын жалғыз жүзеге асыратын тұлғаның) жекжаттары (жұбайының (зайыбының) ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі (қарындасы), балалары) туралы мәліметтер

№	Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Туған жылы	Туыстық қатынастар	Жұмыс орны мен лауазымы
1	2	3	4	5

### Еңбек қызметі туралы мәліметтер

Осы абзацта құрылтайшы – заңды тұлғаның атқарушы органының бірінші басшысының (атқарушы органның функцияларын жалғыз жүзеге асыратын тұлғаның) бүкіл еңбек қызметі (сондай-ақ басқару органына мүше болуы), оның ішінде жоғарғы оқу орнын аяқтаған кезден бастап еңбек қызметі туралы мәліметтер, сондай-ақ еңбек қызметін жүзеге асырмаған кезең көрсетіледі.

№	Жұмыс істеген кезеңі (күні, айы , жылы)	Жұмыс орны (қаржы ұйымы Қазақстан Республикасын ың бейрезиденті болып табылатын болса, қаржы ұйымының тіркелген елі көрсетіледі)	Лауазымы	Тәртіптік жаза қолданудың болуы	Жұмыстан шығу , лауазымнан босату себептері

1	2	3	4	5	6
---	---	---	---	---	---

Оларға қатысты құрылтайшы – заңды тұлғаның атқарушы органының бірінші басшысы (атқарушы органның функцияларын жалғыз жүзеге асыратын тұлға) ірі акционер болып табылатын не мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлғалар туралы мәліметтер

№	Заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері (бар болса заңды тұлғаның БСН)	Мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы деректер, заңды тұлға қызметінің жарғылық түрлері (негізгі қызмет түрлерін көрсету)	Жарғылық капиталға қатысу үлесі немесе тиесілі акциялар санының заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының жалпы санына арақатынасы (пайызбен)
1	2	3	4

Құрылтайшы – заңды тұлғаның атқарушы органының бірінші басшысының (атқарушы органның функцияларын жалғыз жүзеге асыратын тұлғаның) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi резидентi болып табылатын мемлекеттiң уәкiлеттi органы немесе қаржылық қадағалау органы банкті, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалын төлемге қабiлетсiз банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерi филиалдары санатына жатқызу туралы не банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын, оның iшiнде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерiнiң филиалын таратуға және (немесе) қаржы нарығындағы қызметтi жүзеге асыруды тоқтатуға әкеп соққан лицензиядан айыру туралы шешiм қабылдағанға дейiн, не қаржы ұйымын, оның iшiнде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешiмi заңды күшiне енгенге дейiн, немесе оны Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi резидентi болып табылатын мемлекеттiң заңнамасында белгiленген тәрiппен банкрот деп танығанға дейiн, не Қазақстан Республикасының заңдарында белгiленген жағдайларда Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) филиалының қызметiн мәжбүрлеп тоқтату туралы сот шешiмi заңды күшiне енгенге дейiн бiр жылдан аспайтын кезеңде басқару органының басшысы, мүшесi, атқарушы органның басшысы, оның орынбасары немесе атқарушы органның мүшесi, қаржы ұйымының бас бухгалтерi, бас бухгалтерiнiң орынбасары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерi филиалының басшысы, басшының орынбасары, бас бухгалтерi, бас бухгалтерiнiң орынбасары, iрi қатысушы -

жеке тұлға, қаржы ұйымының ірі қатысушысы (банк холдингі) - заңды тұлғасының, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымының басшысы болып табылғандығы туралы мәліметтер

---

---

---

(иә (жоқ), ұйымның атауын

---

лауазымын, жұмыс істеген кезеңін көрсету)

Құрылтайшы – заңды тұлғаның атқарушы органының бірінші басшысының (атқарушы органның функцияларын жалғыз жүзеге асыратын тұлғаның) бұдан бұрын, қатарынан төрт және одан да көп кезең ішінде шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша дефолтқа жол берген не өзі бойынша дефолтқа жол берілген шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу жөніндегі берешек сомасы купондық сыйақының төрт еселенген және (немесе) одан да көп мөлшерін құрайтын не шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша дефолт мөлшері төлеу күніне республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын соманы құрайтын қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, ірі қатысушысының (ірі акционерінің) - заңды тұлғасының - эмитенттің ірі қатысушы (ірі акционері) - жеке тұлғасы, басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері болған-болмағандығы туралы мәліметтер

---

---

---

(иә (жоқ), ұйымның атауын,

---

лауазымын, жұмыс істеген кезеңін көрсету)

Құрылтайшы-заңды тұлғаның атқарушы органының бірінші басшысы (атқарушы органның функцияларын жалғыз жүзеге асыратын тұлға) сот талқылауларына жауапкер ретінде тартылды ма \_\_\_\_\_

---

(иә (жоқ), күнін, ұйымының атауын, сот талқылауындағы жауапкердің

---

атын, қаралатын мәселені және сот шешімін көрсету керек)

Құрылтайшы-заңды тұлғаның атқарушы органының бірінші басшысы (атқарушы органның функцияларын жалғыз жүзеге асыратын тұлға) өтініш берген күнге дейін үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін жауапкершілікке не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жазаға тартылды ма

---

(иә (жоқ), құқық бұзушылықтың қысқаша

---

сипаттамасы, жауапкершілікке тарту негіздерін көрсете отырып,

---

тәртіптік жаза қолдану туралы актінің деректемелері)

10. Басқару органының (ол құрылған жағдайда) бірінші басшысы

---

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

Туған күні \_\_\_\_\_

Туған жері \_\_\_\_\_

Азаматтығы \_\_\_\_\_

Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері \_\_\_\_\_

Жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса) \_\_\_\_\_

Тұрғылықты жері және заңды мекенжай \_\_\_\_\_

---

---

## Білімі

№	Оқу орнының атауы	Қабылданған жылы – аяқтаған жылы	Мамандығы	Білім туралы дипломның деректемелері (күні және нөмірі бар болса)
1	2	3	4	5

Құрылтайшы – заңды тұлғаның басқарушы органының бірінші басшысының (ол құрылған жағдайда) жұбайы (зайыбы), жақын туыстары (ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі (қарындасы), балалары) және жекжаттары (жұбайының (зайыбының) ата-анасы, аға-інісі, әпке-сіңлісі (қарындасы), балалары) туралы мәліметтер

№	Тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	Туған жылы	Туыстық қатынастар	Жұмыс орны мен лауазымы
1	2	3	4	5

## Еңбек қызметі туралы мәліметтер

Осы абзацта құрылтайшы – заңды тұлғаның басқарушы органының бірінші басшысының (ол құрылған жағдайда) бүкіл еңбек қызметі (сондай-ақ басқару органына мүше болуы), оның ішінде жоғарғы оқу орнын аяқтаған кезден бастап еңбек қызметі туралы мәліметтер, сондай-ақ еңбек қызметін жүзеге асырмаған кезең көрсетіледі.

№	Жұмыс істеген кезеңі (күні, айы, жылы)	Жұмыс орны (егер ұйым Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын болса, ұйымның тіркелген елі көрсетіледі)	Лауазымы	Тәртіптік жаза қолданудың болуы	Жұмыстан шығу, лауазымнан босату себептері
1	2	3	4	5	6

Оларға қатысты құрылтайшы – заңды тұлғаның басқарушы органының бірінші басшысы (ол құрылған жағдайда) ірі акционер болып табылатын не мүліктегі тиісті үлеске құқығы бар заңды тұлғалар туралы мәліметтер

№	Заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері (бар болса заңды тұлғаның БСН)	Мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы деректер, заңды тұлға қызметінің жарғылық түрлері (негізгі қызмет түрлерін көрсету)	Жарғылық капиталға қатысу үлесі немесе тиесілі акциялар санының заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының жалпы санына арақатынасы (пайызбен)
1	2	3	4

Құрылтайшы – заңды тұлға басқарушы органының бірінші басшысының (ол құрылған жағдайда) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі резиденті болып табылатын мемлекеттің уәкілетті органы немесе қаржылық қадағалау органы банкті,



Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалын төлемге қабiлетсiз банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерi филиалдары санатына жатқызу туралы не банк акцияларын мәжбүрлеп сатып алу, қаржы ұйымын, оның iшiнде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерiнiң филиалын таратуға және ( немесе) қаржы нарығындағы қызметтi жүзеге асыруды тоқтатуға әкеп соққан лицензиядан айыру туралы шешiм қабылдағанға дейiн, не қаржы ұйымын, оның iшiнде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешiмi заңды күшiне енгенге дейiн, немесе оны Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi резидентi болып табылатын мемлекеттiң заңнамасында белгiленген тәртiппен банкрот деп танығанға дейiн, не Қазақстан Республикасының заңдарында белгiленген жағдайларда Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) филиалының қызметiн мәжбүрлеп тоқтату туралы сот шешiмi заңды күшiне енгенге дейiн бiр жылдан аспайтын кезеңде басқару органының басшысы, мүшесi, атқарушы органның басшысы, оның орынбасары немесе атқарушы органның мүшесi, қаржы ұйымының бас бухгалтерi, бас бухгалтерiнiң орынбасары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерi филиалының басшысы, басшының орынбасары, бас бухгалтерi, бас бухгалтерiнiң орынбасары, iрi қатысушы - жеке тұлға, қаржы ұйымының iрi қатысушысы (банк холдингi) - заңды тұлғасының, оның iшiнде Қазақстан Республикасының бейрезидент-қаржы ұйымының басшысы болып табылғандығы туралы мәлiметтер

---

(иә (жоқ), ұйымның атауын, лауазымын,

---

жұмыс iстеген кезеңiн көрсету)

Құрылтайшы – заңды тұлға басқарушы органының бiрiншi басшысының (ол құрылған жағдайда) бұдан бұрын, қатарынан төрт және одан да көп кезең iшiнде шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу бойынша дефолтқа жол берген не өзi бойынша дефолтқа жол берiлген шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы төлеу жөнiндегi берешек сомасы купондық сыйақының төрт еселенген және (немесе) одан да көп мөлшерiн құрайтын не

шығарылған эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты төлеу бойынша дефолт мөлшері төлеу күніне республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштен он мың есе асатын соманы құрайтын қаржы ұйымының басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері, ірі қатысушысының (ірі акционерінің) - заңды тұлғасының - эмитенттің ірі қатысушы (ірі акционері) - жеке тұлғасы, басқару органының басшысы, мүшесі, атқарушы органының басшысы, мүшесі, бас бухгалтері болған-болмағандығы туралы мәліметтер

---

---

— (иә (жоқ), ұйымның атауын, лауазымын, жұмыс істеген кезеңін көрсету)

Құрылтайшы-заңды тұлғаның басқарушы органының бірінші басшысы (ол құрылған жағдайда) сот талқылауларына жауапкер ретінде тартылды ма

---

---

— (иә (жоқ), күнін, ұйымының атауын, сот талқылауындағы жауапкердің

— атын, қаралатын мәселені және сот шешімін көрсету керек)

Құрылтайшы – заңды тұлға басқарушы органының бірінші басшысы (ол құрылған жағдайда) өтініш берген күнге дейін 3 (үш) жыл ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыс

жасағаны үшін жауапкершілікке не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны

үшін әкімшілік жазаға тартылды ма

---

---

— (иә (жоқ), құқық бұзушылықтың қысқаша сипаттамасы жауапкершілікке

— тартылу негіздерін көрсете отырып,

---

---

— тәртіптік жаза қолдану туралы актінің деректемелері)

11. Құрылтайшы – заңды тұлғаға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алууды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) немесе оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылған сот шешімі бар ма.

12. Мәліметтерге:

қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында болмаған немесе оларды көрсетілетін қызметті берушінің порталы арқылы алуға мүмкіндік болмаған жағдайда, құрылтайшы – заңды тұлғаның құрылтай құжаттарының көшірмелері;

Банктер туралы заңның 19-бабының 4-тармағында белгіленген талаптардың орындалуын растайтын ақпарат;

аудиторлық ұйым растаған соңғы 2 (екі) аяқталған қаржы жылы үшін қаржылық есептілік (бар болса шоғырландырылған есептілікті қоса).

құрылтайшы – заңды тұлғаның (шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар үшін) атқарушы органының (атқарушы органның функцияларын жалғыз жүзеге асыратын тұлғаның) және басқарушы органының (ол құрылған жағдайда) бірінші басшыларының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмелері;

атқарушы органның (атқарушы органның функцияларын жалғыз жүзеге асыратын тұлғаның) және басқарушы органның (ол құрылған жағдайда) бірінші басшысының азаматтығы бар елде (шетелдіктер үшін) немесе тұрғылықты тұратын елде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екендігі туралы мәліметтерді растайтын, олардың азаматтығы бар елдің (олар тұрғылықты тұратын елдің – азаматтығы жоқ адамдар үшін) мемлекеттік органы берген құжат қоса беріледі. Егер құрылтайшы-жеке тұлға соңғы 10 (он) жыл ішінде азаматтығы бар елден тыс жерде тұрақты тұрған жағдайда, сондай-ақ құрылтайшы-жеке тұлға соңғы 10 (он) жыл тұрақты тұрған елде қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екендігі туралы құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады. Көрсетілген құжатты беру күні өтініш берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылған құжатта оның қолданылуының өзге мерзімі көрсетілген жағдайларды қоспағанда). Егер мемлекеттік органы қылмыстар үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екені туралы мәліметтерді растауға уәкілетті елдің заңнамасында олар туралы көрсетілген мәліметтер сұратылатын тұлғаларға растайтын құжаттар беру көзделмесе, онда тиісті растау азаматтығы бар елдің (шетелдіктер үшін) немесе тұрғылықты тұратын елдің (азаматтығы жоқ адамдар үшін) уәкілетті органының хатымен уәкілетті органның атына жіберіледі.

Осы ақпаратты құрылтайшы-заңды тұлға тексергенін және оның дәйекті және толық болып табылатынын растаймын, сондай-ақ банк құрылтайшыларына қойылатын талаптарға сәйкестігін және мінсіз іскерлік беделімнің болуын растаймын.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті дербес деректерді жинау мен өңдеуге және ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісімімді беремін.

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Құрылтайшы – заңды тұлғаның атқарушы органының бірінші басшысының (атқарушы органның функцияларын жалғыз жүзеге асыратын тұлғаның) қолы

\_\_\_\_\_  
Құрылтайшы – заңды тұлғаның басқарушы органының бірінші басшысының (ол құрылған жағдайда) қолы

Мемлекеттік қызмет көрсетуге  
қойылатын негізгі  
талаптар тізбесіне  
3-қосымша

### **Бизнес-жоспардың мазмұнына қойылатын талаптар**

1. Жаңадан құрылатын банктің бизнес-жоспары, төмендегілермен шектелмей, мынадай ақпаратты қамтиды:

ашылатын банктің толық құрылымы, қаржылық перспективалары (алғашқы 3 (үш) қаржы (операциялық) жылына арналған бюджеті, есеп айырысу балансы, пайда мен зиянының шоты, маркетингтік жоспары (банктің клиенттерін қалыптастыру), сондай-ақ тәуекелдерді басқаруды ұйымдастыру жөніндегі ақпарат;

ашылатын банктің мақсаттары мен міндеттерінің сипаты және көрсетуге жоспарланатын қызмет түрлері;

ашылатын банк қызметіне талдау (сыртқы және ішкі ортаға талдау);

ашылатын банктің алдағы 5 (бес) қаржы (операциялық) жылына арналған қызметінің, даму стратегиясы, қызметінің бағыттары мен көлемі;

алдағы 5 (бес) қаржы (операциялық) жылына арналған толық жылдық қаржы жоспары (негізгі қаржылық көрсеткіштердің есебі, бюджет, бухгалтерлік баланс, пайда және зиян туралы есеп, бизнес-жоспарды қаржыландыру көздері мен көлемі);

тәуекелдерді басқару жоспары (алдағы 5 (бес) қаржы (операциялық) жылына арналған банк қызметін жүзеге асырумен байланысты тәуекелдердің сипаты және оларды басқару тәсілдері);

алдағы 5 (бес) қаржы (операциялық) жылына арналған еңбек ресурстарын тарту жоспары;

құрылтайшы – заңды тұлға мен банктің сатып алғаннан кейінгі болжамды есеп айырысу балансын қоса алғанда, банктің ірі қатысушысы мәртебесін немесе банк холдингі мәртебесін иеленудің қаржылық салдарларының талдауы, құрылтайшының,

егер олар бар болса, банк активтерін сату, қайта ұйымдастыру немесе іс-шаралар жоспары мен ұйымдық құрылымды қоса алғанда, банк қызметіне немесе оны басқаруға елеулі өзгерістер енгізу жөніндегі жоспарлары мен ұсыныстары;

егер көрсетілетін қызметті алушының банк холдингі мәртебесін иеленуі банк конгломератының қалыптасуына әкелген жағдайда, банк конгломератының пруденциялық нормативтерінің болжамды есебі;

жанадан құрылатын банктің толық ұйымдық құрылымы.

2. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң ашылатын филиалының бизнес-жоспары, төмендегілермен шектелмей, мынадай ақпаратты қамтиды:

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң ашылатын филиалының толық құрылымын (бюджет, активтер мен міндеттемелер туралы есеп айырысу есебі, алғашқы 3 (үш) қаржы (операциялық) жылындағы кірістер мен шығыстар шоты, маркетинг жоспары (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының клиентурасын қалыптастыру) ашу;

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң ашылатын филиалының мақсаттары мен міндеттерінің сипаты және көрсетуге жоспарланатын қызмет түрлері;

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң ашылатын филиалының қызметін талдау (сыртқы және ішкі ортаға талдау);

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң ашылатын филиалының алдағы 5 (бес) қаржы (операциялық) жылына арналған қызметі, даму стратегиясы, қызметінің бағыттары мен көлемі;

тәуекелдерді басқаруды ұйымдастыру жөніндегі ақпарат (тәуекелдерді басқару жоспары (банк қызметін жүзеге асыруға байланысты тәуекелдердің сипаттамасы және оларды алдағы 5 (бес) қаржы (операциялық) жылда басқару тәсілдері);

алдағы 5 (бес) қаржы (операциялық) жылына еңбек ресурстарын тарту жоспары.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге  
қойылатын негізгі  
талаптар тізбесіне  
4-қосымша  
Нысан  
"Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту агенттігі"  
республикалық  
мемлекеттік мекеме  
(БСН 191240019852)

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi туралы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң атауы)

20\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ мәліметтер

1. Тұрғылықты жері және нақты мекенжай \_\_\_\_\_

---

(пошталық индексі, ел, облыс, қала, көше, телефон нөмірі)

2. Резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi болып табылатын мемлекеттің елінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер

---

(құжаттың атауы, нөмірі және берілген күні, кім берді)

3. Резиденті Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi болып табылатын мемлекеттің елінде заңды тұлға үшін қалыптастырылатын бизнес-сәйкестендіру нөмірі

немесе өзге бірегей нөмір (бар болса)

---

4. \_\_\_\_\_ жүзеге асыру құқығына лицензия

(құжаттың атауы, нөмірі және берілген күні, кім берді)

5. Қызметтің түрлері \_\_\_\_\_

---

(лицензияға сәйкес қызметтің негізгі түрлерін көрсету)

6. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнің өтініш берген күні халықаралық шкала бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі \_\_\_\_\_

---

(ұзақ мерзімді кредиттік рейтинг, кім тағайындады)

7. Соңғы күнтізбелік 3 (үш) жылдың ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнде ірі қаржылық проблемалар, оның ішінде банкроттық, консервация, санация

туындады ма \_\_\_\_\_

---

(олардың туындау себептері, осы проблемаларды шешу нәтижелері)

8. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi акцияларының 10 (он) және одан көп пайызына иелік ететін Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнің акционерлері туралы мәліметтер:

---

---

---

---

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), туған күні, айы, жылы, жері,

азаматтығы, жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, резиденті

жеке тұлға болып табылатын мемлекеттің елінде жеке тұлға үшін қалыптастырылатын

жеке сәйкестендіру нөмірі немесе өзге бірегей нөмір (бар болса), заңды тұлғаның атауы,

орналасқан жері және нақты мекенжайы, құжаттың атауын, нөмірін және берілген күнін, кім бергенін көрсете отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу )

туралы мәліметтер, резиденті заңды тұлға болып табылатын мемлекеттің елінде заңды

тұлға үшін қалыптастырылатын бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе өзге бірегей нөмір

(бар болса), заңды тұлғаның қызметінің түрлері)

9. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi атқарушы органының басшысы туралы (атқарушы органның функцияларын жалғыз жүзеге асыратын тұлғаның) мәліметтер \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

1) туған күні \_\_\_\_\_

2) туған жері \_\_\_\_\_

3) азаматтығы \_\_\_\_\_

4) жеке басын куәландыратын құжаттың деректері \_\_\_\_\_

5) резиденті жеке тұлға болып табылатын мемлекеттің елінде жеке тұлға үшін қалыптастырылатын жеке сәйкестендіру нөмірі немесе өзге бірегей нөмір (бар болса) \_\_\_\_\_

10. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң басқару органының басшысы туралы мәліметтер \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

1) туған күні \_\_\_\_\_

2) туған жері \_\_\_\_\_

3) азаматтығы \_\_\_\_\_

4) жеке басын куәландыратын құжаттың деректері \_\_\_\_\_

5) резиденті жеке тұлға болып табылатын мемлекеттің елінде жеке тұлға үшін қалыптастырылатын жеке сәйкестендіру нөмірі немесе өзге бірегей нөмір (бар болса) \_\_\_\_\_

11. Мәліметтерге аудиторлық ұйым растаған соңғы 2 (екі) аяқталған қаржы

жылы үшін қаржылық есептілік (бар болса шоғырландырылған есептілікті қоса) қоса беріледі.

Осы ақпаратты Қазақстан Республикасының резидент емес банкі тексергенін және дұрыс әрі толық болып табылатынын растаймын.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті дербес деректерді жинауға және өңдеуге және ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің атқарушы органы басшысының (атқарушы органның функцияларын жалғыз жүзеге асыратын тұлға) не оның міндетін атқарушының (растайтын құжаттармен қоса) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

\_\_\_\_\_

(қолы)

\_\_\_\_\_

(күні)

Банкті, Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-банкінің филиалын  
ашуға рұқсат беру қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан

**(қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген бланкінде басып шығарылады) Банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын (қажетін таңдау) ашуға рұқсат**

**Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

№ \_\_\_\_\_ " " \_\_\_\_\_ ж.

Осы рұқсат \_\_\_\_\_

(банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының атауы)

\_\_\_\_\_ ашуға берілді.

\_\_\_\_\_

(банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының атауы)

ашуға берілген рұқсаттың қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және

қадағалау жөніндегі уәкілетті орган \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының атауы)

банк операцияларын жүргізуге лицензия беру туралы шешім қабылдағанға дейін



заңды күші бар.

Төраға

(Төрағаның орынбасары) \_\_\_\_\_

(қолы немесе электрондық цифрлық қолтаңбасы) (аты-жөні, тегі)

Мөр орны (қағаздағы нысан үшін)

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту агенттігі  
Басқармасының  
2020 жылғы 30 наурыздағы  
№ 36 қаулысына  
2-қосымша

**Банктерді, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарын банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензиялау, ислам банктері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуді лицензиялау қағидалары**

**Ескерту. Қағидалар жана редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 25.01.2021 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Банктерді, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарын банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензиялау, ислам банктері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуді лицензиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" (бұдан әрі – Банктер туралы заң), "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы заң) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган, көрсетілетін қызметті беруші) банктерді, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарын банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге

лицензиялау, ислам банктері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуді лицензиялау тәртібін айқындайды.

Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады, тиісті нормативтік құқықтық актіні әділет органдарында мемлекеттік тіркегеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс орталығына жіберіледі.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.06.2023 № 61 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Қағидаларда Банктер туралы заңда, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңда, Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңда, "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" және "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген мәндерде қолданылатын ұғымдар пайдаланылады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

3. Құжаттар қағаз тасымалдағышта не "электрондық үкіметтің" [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы (бұдан әрі-портал) арқылы электрондық түрде ұсынылады.

"Банктерге, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарына банктік және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Қағидаларға 1-қосымшада келтірілген.

"Ислам банктері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Қағидаларға 2-қосымшада келтірілген.

Көрсетілетін қызметті алушыға Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде және Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген "Банктерге, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарына банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру" және "Ислам банктері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру" мемлекеттік қызметердің (бұдан әрі - мемлекеттік қызметер) кіші түрлерін жүзеге асыруға келісім беру Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы жіберген кезде "жеке кабинетте" нәтижені алу күні мен уақытын көрсетумен мемлекеттік қызметті көрсетуге сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе автоматты түрде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сатысы туралы ақпарат мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесінде автоматты режимде жаңартылады.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

4. Қағаз тасымалдағышпен ұсынылатын, бірнеше парақтан тұратын құжаттар нөмірленіп және соңғы парақтың сыртында тігіс түйініне желімделген жапсырма қағазда саны көрсетіле отырып тігілген күйінде ұсынылады.

Құжаттардың көшірмелері банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктері филиалдарының атқарушы органы басшысының не оның міндетін атқарушы адамның (міндетін атқаруды жүктеу туралы растайтын құжаттың көшірмесін ұсына отырып) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) көрсетіліп қолымен, көшірмелердің дұрыстығы көрсетіле отырып расталады.

Шет мемлекеттердің қаржылық қадағалау органдары, құзыретті органдары немесе лауазымды тұлғалары берген құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес заңдастырылуға не апостильдеуге жатады (Қазақстан Республикасының бейрезидент-жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын құжаттарды қоспағанда).

Шет тілде ұсынылатын құжаттар қазақ және орыс тілдеріне аударылады және Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасына сәйкес нотариат куәландыруға тиіс.

5. Уәкілетті орган мемлекеттік қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын, тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден немесе цифрлық құжаттар сервисінен Қазақстан Республикасының резиденті-заңды тұлғасын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

6. Лицензиялық алым төлемін көрсетілетін қызметті алушы екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырады.

## **2-тарау. Банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды лицензиялау тәртібі**

7. Банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операциялардың қосымша түрлерін жүргізуге лицензия алу үшін банк , Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы Банктер туралы заңның 26-бабы 3-тармағының талаптарын орындау кезінде уәкілетті органға қағаз тасымалдағышпен не электрондық түрде портал арқылы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтініш береді.

Банкті ислам банкіне айналдыру нысанында ерікті түрде қайта ұйымдастыру кезінде ислам банктері жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін және (немесе) ислам банктері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларының және өзге де операциялардың қосымша түрлерін жүргізуге лицензия алу үшін ислам банкі, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы Банктер туралы заңның 26-бабы 3-тармағының талаптарын орындау кезінде уәкілетті органға қағаз тасымалдағышпен не портал арқылы электрондық түрде Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ислам банктері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтінішті береді.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтініш келіп түскен күні оны қабылдауды, тіркеуді және мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты бөлімшеге (бұдан әрі-жауапты бөлімше) орындау үшін жіберуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушының өтініші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері келіп түскен кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жауапты бөлімшенің қызметкері банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтініш тіркелген күннен кейінгі 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толық болуын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау және (немесе) қолданыс мерзімі өткен құжаттар фактісі анықталған жағдайда жауапты бөлімше көрсетілетін қызметті

алушының құжаттарын алған күннен кейінгі 2 (екі) жұмыс күні ішінде банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және жібереді.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

9. Ұсынылған құжаттардың толық болу фактісі анықталғаннан кейін жауапты бөлімше мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі ішінде құжаттарды Қазақстан Республикасының банк заңнамасының талаптарына олардың сәйкес келу тұрғысынан қарайды.

Банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беруден тарту үшін негіздемелер анықталған жағдайда, уәкілетті орган қызмет алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ қызмет алушыға алдын ала шешім бойынша өз пікірін білдіруі үшін тыңдаудың өтетін уақыты мен орны (әдісі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін кем дегенде 3 (үш) күн бұрын жіберіледі. Тыңдау көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей өткізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды қарау, тыңдау нәтижелері бойынша жауапты бөлімше банктік және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы бұйрықты немесе банктік және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беруден дәлелді бас тарту жобасын дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының қарауына жібереді. Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасы Қағидаларға 1-қосымшаның 9-тармағында және Қағидаларға 2-қосымшаның 9-тармағында көзделген негіздер бойынша банктік және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы бұйрықтың жобасына немесе банктік және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беруден дәлелді бас тартуға қол қояды.

Жауапты бөлімшенің жұмыскері көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасы тиісті шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде (мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі шегінде) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы көрсетілетін қызметті алушыға банктік және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензияны қоса бере отырып, банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы хабарламаны немесе

банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беруден дәлелді түрде бас тартуды жібереді.

Порталда лицензияның электрондық көшірмесін қоса бере отырып, банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы хабарлама не банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беруден дәлелді бас тарту көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Банктік және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беруден бас тарту үшін негіздер болған кезде өтінішті қарау мерзімі көрсетілетін қызметті беруші басшысының немесе оның орынбасарының дәлелді шешімімен қисынды мерзімге, бірақ өтінішті дұрыс қарау үшін маңызы бар нақты мән-жайларды анықтау қажеттілігіне байланысты 2 (екі) айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін, бұл туралы Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 76-бабының 3-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушыға мерзімі ұзартылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етіледі.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

10. Көрсетілетін қызметті алушы банк операцияларының қосымша түрлерін жүргізуге лицензия алу үшін ұсынған құжаттар Банктер туралы заңның және Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Банктер туралы заңның 27-бабында көзделген банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беруден бас тартудың негіздерін қоспағанда, уәкілетті орган Банктер туралы заңның 26-бабының 5-тармағында көрсетілген оларды қарау мерзімі ішінде көрсетілетін қызметті алушыға оларды жою және Қазақстан Республикасының банк заңнамасының талаптарына сәйкес келетін пысықталған (түзетілген) құжаттарды ұсыну үшін ескертулері бар хатты жібереді.

11. Уәкілетті орган банкке, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалына Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензия береді.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.06.2023 № 61 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

12. Уәкілетті орган ислам банкiне, Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкiнiң филиалына Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ислам банктерi, Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банктерiнiң филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия береді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.06.2023 № 61 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Уәкілетті орган банкке, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалына банк операцияларының және өзге де операциялардың қосымша түрлерiн жүргізуге лицензия беру туралы шешiм қабылдаған жағдайда банкке, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалына лицензияға банк операцияларының және өзге де операциялардың қосымша түрлерiн қоса отырып, жаңа лицензия берiледi. Банктiң, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерi филиалдарының бұрын берiлген лицензиялары банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге жаңа лицензия алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнi iшiнде уәкiлеттi органға қайтарылуы тиiс.

**3-тарау. Банктiң, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының банк операцияларының барлық немесе жекелеген түрлерiн және (немесе) Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге арналған лицензиясын қайта ресiмдеу, телнұсқасын беру, оның қолданылуын тоқтата тұру не тоқтату тәртiбi**

14. Банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензияны қайта ресiмдеу Рұқсаттар мен хабарламалар туралы заңда белгiленген негiздер бойынша және тәртiппен, оның iшiнде :

- 1) көрсетiлетiн қызметтi алушы ресiмдеу Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 34-бабында айқындалған тәртiппен қайта ұйымдастырылған;
- 2) көрсетiлетiн қызметтi алушының атауы өзгерген;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресiмдеу туралы талаптар болған жағдайда жүргiзiледi.

15. Лицензияны қайта ресiмдеу кезiнде банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы уәкiлеттi органға Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензияны қайта ресiмдеу туралы өтiнiшпен көрсетiлетiн қызмет берушiнiң кеңсесi арқылы қағаз тасымалдағышпен не портал арқылы электрондық түрде жүгiнедi.

Лицензияны қайта ресiмдеу кезiнде ислам банкi, Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкiнiң филиалы уәкiлеттi органға Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензияны қайта ресiмдеу туралы өтiнiшпен (ислам банкi, Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкiнiң филиалы үшiн) көрсетiлетiн қызмет берушiнiң кеңсесi арқылы қағаз тасымалдағышпен не портал арқылы электрондық түрде жүгiнедi.

16. Көрсетілетін қызметті берушінің хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш келіп түскен күні оны қабылдауды, тіркеуді және жауапты бөлімшеге орындау үшін жіберуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушының өтініші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Мерекелер туралы заңға сәйкес демалыс және мереке күндері келіп түскен жағдайда өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жауапты бөлімшенің қызметкері лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш тіркелген күннен кейінгі 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толық болуын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау және (немесе) қолданыс мерзімі өткен құжаттар фактісі анықталған жағдайда жауапты бөлімше көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған күннен кейінгі 2 (екі) жұмыс күні ішінде лицензияны қайта ресімдеу туралы өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және жібереді.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

17. Ұсынылған құжаттардың толық болу және (немесе) қолданыс мерзімі өткен құжаттар фактісі анықталғаннан кейін жауапты бөлімше мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі ішінде құжаттарды Қазақстан Республикасының банк заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензияны қайта ресімдеуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде уәкілетті орган көрсетілетін қызметті алушыға лицензияны қайта ресімдеуден бас тарту туралы алдын ала қабылданған шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша позициясын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін кемінде 3 (үш) күн бұрын жіберіледі. Тыңдау көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы хабарлама алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей өткізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды қарау және (немесе) тыңдау жүргізу нәтижелері бойынша жауапты бөлімше лицензияны қайта ресімдеу туралы бұйрықтың жобасын немесе лицензияны қайта ресімдеуден дәлелді бас тартуды дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының қарауына



жібереді. Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамы лицензияны қайта ресімдеу туралы бұйрықтың жобасына немесе лицензияны қайта ресімдеуден дәлелді бас тартуға қол қояды.

Жауапты бөлімшенің қызметкері көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамы тиісті шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде (мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі шегінде) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы көрсетілетін қызметті алушыға банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге қайта ресімделген лицензияны қоса бере отырып, банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензияны қайта ресімдеу туралы хабарламаны немесе Қағидаларға 1-қосымшаның 9-тармағында және Қағидаларға 2-қосымшаның 9-тармағында көзделген негіздер бойынша банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензияны қайта ресімдеуден дәлелді бас тартуды жібереді.

Порталда қайта ресімделген лицензияның электрондық көшірмесін қоса бере отырып, банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензияны қайта ресімдеу туралы хабарлама немесе банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензияны қайта ресімдеуден дәлелді бас тарту көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензияны қайта ресімдеуден бас тартуға негіздер болған кезде лицензияны қайта ресімдеу туралы өтінішті қарау мерзімі көрсетілетін қызметті беруші басшысының немесе оның орынбасарының дәлелді шешімімен ақылға қонымды мерзімге, бірақ лицензияны қайта ресімдеу туралы өтінішті дұрыс қарау үшін маңызы бар нақты мән-жайларды анықтау қажеттілігіне байланысты 2 (екі) айдан аспайтын мерзімге ұзартылады, бұл туралы Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 76-бабының 3-бөлігіне сәйкес көрсетілетін қызметті алушыға мерзімі ұзартылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етіледі.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

18. Банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензияның телнұсқасын беруге арналған өтініш келіп түскен кезде (егер бұрын берілген лицензия қағаз нысанда ресімделген болса) көрсетілетін қызметті берушінің хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге

уәкілетті қызметкері лицензияның телнұсқасын беру туралы өтініш келіп түскен күні оны қабылдауды, тіркеуді және жауапты бөлімшеге орындау үшін жіберуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушының өтініші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері келіп түскен кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Мерекелер туралы заңға сәйкес өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жауапты бөлімше 2 (екі) жұмыс күні ішінде (мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі шегінде) ұсынылған құжаттарды олардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды, лицензия телнұсқасының немесе бас тартудың жобасын дайындайды, көрсетілетін қызметті берушінің басшысында лицензияның телнұсқасына немесе бас тартуға қол қояды, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы көрсетілетін қызметті алушыға лицензияның телнұсқасын қоса бере отырып, лицензияның телнұсқасын беру туралы хабарлама жібереді.

Порталда лицензия телнұсқасының электрондық көшірмесін қоса бере отырып, лицензияның телнұсқасын беру туралы хабарлама не көрсетілетін қызметті алушыға лицензияның телнұсқасын беруден бас тарту көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

19. Банк операцияларының барлық немесе жекелеген түрлерін жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтата тұру не банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалын лицензиядан айыру Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.

20. Банк операцияларының барлық немесе жекелеген түрлерін жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтата тұру не лицензиядан айыру туралы уәкілетті органның шешімі аталған шешім қабылданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде банкке, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалына орындалуға жіберіледі. Қабылданған шешім туралы ақпарат уәкілетті органның интернет-ресурсына орналастырылады.

21. Лицензиялары тоқтатылған банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы ай сайын әрбір айдың 10 (онынан) кешіктірмей (лицензияның қолданысы жаңартылған не лицензияның қолданысын тоқтата тұру мерзімі аяқталған күнге дейін) уәкілетті органды анықталған бұзушылықтарды жою бойынша банк жүргізген іс-шаралар туралы хабарлайды.

22. Банк уәкілетті органға банк операцияларының барлық немесе жекелеген түрлері және (немесе) өзге де операциялар бойынша барлық міндеттемелерді орындағаннан

кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімінің негізінде ерікті түрде өтініш жасаған кезде банк операцияларының барлық немесе жекелеген және (немесе) өзге де операцияларды жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтату туралы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш (бұдан әрі – лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтініш) береді.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы жекелеген банк операцияларын және (немесе) Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтату туралы уәкілетті органға ерікті түрде өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң шешімі негізінде осы банк операциялары және (немесе) Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операциялар бойынша барлық міндеттемелер орындалғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішпен уәкілетті органға жүгінеді.

Банктер туралы заңның 61-4-бабының 7-тармағында көзделген жағдайда, еншілес банк акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің негізінде активтер мен міндеттемелерді бірізгі түрде беру туралы шартқа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде уәкілетті органға қағаз тасымалдағышпен көрсетілетін қызмет берушінің кеңсесі не портал арқылы электрондық түрде лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтініш жасайды.

23. Банк уәкілетті органға банк операцияларының барлық немесе жекелеген түрлерін және (немесе) өзге де операцияларды жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтату туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының жекелеген банк операцияларын және (немесе) Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтату туралы уәкілетті органға ерікті түрде жүгінуі туралы ерікті түрде өтініш жасағаны туралы банктің ақпаратын уәкілетті органға өтініш берген күнге дейін күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.

24. Банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы уәкілетті органға Қағидалардың 22-тармағында көзделген лицензияның қолданылуын тоқтату туралы ерікті түрде өтініш жасаған кезде банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының атқарушы органының басшысы не олардың міндеттерін атқарушы адам (міндеттерді орындауды жүктеу туралы растаушы құжаттың көшірмесін ұсынумен) қол қойған лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішті ұсынады. Лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішке көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қағаз

тасымалдағышта не портал арқылы электрондық түрде мынадай құжаттар қоса беріледі :

1) уәкілетті органға Қағидалардың 22-тармағында көзделген лицензияның қолданылуын тоқтату туралы ерікті өтініші туралы банк акционерлері жалпы жиналысының шешімі не Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының шешімі;

2) бас банк пен еншілес банк арасында жасалған, активтер мен міндеттемелерді бірмезгілде беру туралы шарттың түпнұсқасы қоса берілетін, Банктер туралы заңның 61-4-бабының 7-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, банк операцияларының барлық немесе жекелеген түрлері және (немесе) өзге де операциялар бойынша міндеттемелердің және қолданыстағы шарттардың жоқ екендігі туралы банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының кепілхаты;

3) лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтініш жіберу күнінің алдындағы соңғы жұмыс күнгі жағдай бойынша жасалған бухгалтерлік баланс және оған түсіндірме жазба. Бухгалтерлік балансқа түсіндірме жазбада кредиторлық берешек сомасы мен оның пайда болу негіздерін көрсетумен банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының кредиторлары туралы (олар бар болса) ақпарат жария етіледі;

4) "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамының орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі жеке шотты және банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының жеке шотындағы барлық қосалқы шоттарды жабу туралы хаты немесе "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамынан банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының атына ашылған жеке шотқа "жоғалтылған клиент" мәртебесін беру туралы ақпарат;

5) "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамының депозитарлық қызмет көрсету шартын, ағымдағы шот шартын және факсимильдік хабарламалар түрінде операциялық құжаттарды қабылдау және беру туралы шартты (лицензияның қолданылуын тоқтату туралы уәкілетті органға ерікті түрде өтініш жасаған жағдайда) бұзу туралы хаты;

6) "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының алдында банк операцияларының барлық немесе жекелеген түрлері және (немесе) өзге де операциялар бойынша берешектің болмауы туралы "Қазақстан қор биржасы" акционерлік қоғамының хаты;

7) Қағидалардың 23-тармағы талаптарының орындалуы туралы ақпарат.

25. Уәкілетті органға ерікті түрде өтініш жасауға байланысты жекелеген банк операцияларын және (немесе) өзге де операцияларды жүргізуге лицензияның қолданылуы тоқтатылған жағдайда лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішті уәкілетті орган Қағидалардың 24-тармағында көрсетілген, Қазақстан Республикасының

банк заңнамасының талаптарына сәйкес құжаттарды алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде қарайды.

Уәкілетті органға ерікті түрде өтініш жасауға байланысты барлық банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензияның қолданылуы тоқтатылған жағдайда лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішті уәкілетті орган Қағидалардың 24-тармағында көрсетілген, Қазақстан Республикасының банк заңнамасының талаптарына сәйкес құжаттарды алған күннен бастап 3 (үш) ай күні ішінде қарайды.

26. Қағидалардың 22-тармағында көзделген лицензияның қолданылуын тоқтату туралы уәкілетті органға ерікті түрде өтініш білдіру банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы мынадай талаптарды орындаған жағдайда жүргізіледі:

1) Қағидалардың 24-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсыну ;

2) барлық немесе жекелеген банк операциялары және (немесе) өзге де операциялар бойынша міндеттемелердің және қолданыстағы шарттардың болмауы.

27. Банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы Қағидалардың 26-тармағында көзделген талаптарды орындамаған жағдайда, уәкілетті орган барлық немесе жекелеген банк операцияларын және (немесе) Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтатудан бас тартады. Банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішті қайта берген жағдайда уәкілетті орган оны қарау мерзімін өтінішті қайта берген күннен бастап есептейді.

Ұсынылған құжаттардың ресімделуі бойынша ескертулер болған кезде және арифметикалық қателер болған кезде уәкілетті орган Қағидалардың 25-тармағында көрсетілген құжаттарды қарау мерзімінде банкке, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалына оларды жою және Қазақстан Республикасының банк заңнамасының талаптарына сәйкес келетін пысықталған (түзетілген) құжаттарды ұсыну үшін ескертулері бар хатты жібереді.

28. Уәкілетті органның барлық немесе жекелеген банк операцияларын және (немесе ) Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтату мүмкіндігі туралы хатын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей банк уәкілетті органға қағаз тасымалдағышта берілген лицензияның түпнұсқасын қайтарады.

Банк уәкілетті органның банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтату мүмкіндігі туралы хатын алған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей уәкілетті органды банктің атауынан "банк" деген сөзді алып тастау бөлігінде мемлекеттік қайта тіркеу туралы хабардар етеді.

29. Осы Қағидалардың 23-тармағының, 26-тармағы 3) тармақшасының, 28-тармағының екінші бөлігінің талаптары Банктер туралы заңның 61-4-бабының 7-тармағына банк операцияларын және сәйкес Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге операцияларды жүргізуге лицензияның қолданылуын тоқтату туралы ерікті түрде өтініш жасаған кезде еншілес банкке қолданылмайды.

30. Барлық банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге және (немесе) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының уәкілетті органға ерікті түрде өтініш жасауына байланысты лицензияның қолданылуын тоқтату Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының Қазақстан Республикасының аумағында қызметі ерікті түрде тоқтатылған жағдайда жүзеге асырылады.

Уәкілетті органның қызметті ерікті түрде тоқтатуға рұқсатын алған кезде Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы уәкілетті органның осы шешімі күшіне енген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде (егер бұрын берілген лицензия қағаздағы түрде ресімделген болса) банк операцияларын және (немесе) Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүзеге асыру құқығына бұрын берілген лицензияның түпнұсқасын қайтарады.

#### **4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

31. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану жазбаша түрде жасалады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды көрсетілетін қызметті берушінің жоғары тұрған лауазымды адамы, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган қарайды.

Шағымды қабылдаған адамның тегі, аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орнын көрсетумен көрсетілетін қызмет берушінің кеңсесінде шағымды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылдануын растау болып табылады.

Портал арқылы өтініш берген жағдайда шағымдану тәртібі туралы ақпарат бірыңғай байланыс орталығының 8-800-080-7777 немесе 1414 телефоны арқылы ұсынылады.

Шағым портал арқылы жіберілген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинеттен" шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің шағымды өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

**Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

32. Шағымда:

- 1) көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің атауы және (немесе) шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
- 3) шағым беруші адам өзінің талаптары мен дәлелдемелерін негіздейтін мән-жайлар ;
- 4) шағымның шығыс нөмірі және берілген күні;
- 5) шағымға қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетіледі.

Шағымға көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі болып табылатын адам қол қояды.

**Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

33. Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

**Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 14.02.2022 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Банктерді,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-банктерінің  
филиалдарын банк  
операцияларын және  
Қазақстан Республикасының  
банк заңнамасында көзделген  
өзге де операцияларды жүргізуге  
лицензиялау, ислам банктері,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-ислам банктерінің  
филиалдары жүзеге асыратын  
банк операцияларын және өзге  
де операцияларды жүргізуді

## Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы "Банктерге, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру".

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы:

- 1) заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу және жүргізу;
- 2) жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банк шоттарын ашу және жүргізу;
- 3) банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
- 4) банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының жеке және заңды тұлғалардың металл шоттарын ашуы және жүргізуі, оларда осы тұлғаға тиесілі тазартылған қымбат бағалы металдар мен қымбат металдардан жасалған монеталарының физикалық мөлшері көрсетіледі;
- 5) кассалық операциялар: банктер, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары мен Ұлттық почта операторының қолма-қол ақшаны ұсақтауды, айырбастауды, қайта есептеуді, сұрыптауды, орауды және сақтауды қоса алғанда, оны қабылдауды және беруі;
- 6) аударым операциялары: жеке және заңды тұлғалардың ақша төлемі мен аударымы бойынша тапсырмаларын орындау;
- 7) есепке алу операциялары: жеке және заңды тұлғалардың вексельдерін және өзге де борыштық міндеттемелерін есепке алу (дисконт);
- 8) банктік қарыз операциялары: банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының, ипотекалық ұйымның, банк болып табылмайтын, бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның немесе агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдарының төлем жасалу, мерзімдік және қайтарымдылық шарттарында ақшалай нысанда кредиттер беруі;
- 9) қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын қоса алғанда, шетел валютасымен айырбастау операциялары;
- 10) банкноттарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау
- 11) төлем құжаттарын (вексельдерден басқа) инкассоға қабылдау;
- 12) аккредитив ашу (шығару) мен оны растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау;
- 13) банктерге, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарына ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдіктерін беру;
- 14) банктерге, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарына үшінші тұлғалар үшін ақшалай нысанда орындау көзделетін банктік кепілдемелер мен өзге де міндеттемелерді беру;
- 15) тазартылған қымбат бағалы құйма металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобының металдары), қымбат бағалы металдардан жасалған монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;
- 16) құрамында қымбат бағалы металдар мен қымбат бағалы тастар бар зергерлік бұйымдарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;
- 17) вексельдермен жасалатын операциялар: вексельдерді инкассоға қабылдау, төлеушінің вексельдерге ақы төлеуі жөнінде қызметтер көрсету, сондай-ақ домицильдендірілген вексельдерге ақы төлеу, делдалдық тәртіппен вексельдердің акцепті;
- 18) лизингтік қызметті жүзеге асыру;
- 19) меншікті бағалы қағаздарды (акциялардан басқа) шығару;



- 20) факторингтік операциялар: төлем жасамау тәуекелін қабылдай отырып, сатып алушыдан тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) ақы төлеуді талап ету құқықтарын иелену;
- 21) форфейтингтік операциялар (форфетирлеу): сатушыға айналымсыз жолмен вексель сатып алу арқылы тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушының борыштық міндеттемесіне ақы төлеу;
- 22) сенімгерлік операциялар: сенімгердің мүддесіне орай және тапсырмасы бойынша ақшаларды, банктік қарыздар және тазартылған қымбат бағалы металдар бойынша талап ету құқықтарын басқару;
- 23) сейфтік операциялар: сейф жәшіктерін, шкафтар мен үй-жайларды жалға беруді қоса алғанда, клиенттердің құжаттамалық нысанда шығарылған бағалы қағаздарын, құжаттары мен құндылықтарын сақтау жөніндегі қызметтер;
- 24) тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасына салымдар (депозиттер) қабылдау, салымшылардың шоттарын ашу және жүргізу;
- 25) салымшыларға тұрғын үй жағдайларын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге тұрғын үй, аралық тұрғын үй және алдын ала тұрғын үй қарыздарын беру;
- 26) заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- 27) тұрғын үй құрылыс жинақ банктерінің тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін есепке жатқызу үшін жеке тұлғалардың ағымдағы банктік шоттарын ашуы және жүргізуі;
- 28) жаңадан құрылатын банк Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін өтініш жасаған кезде;
- 29) ашылатын Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін өтініш жасаған кезде;
- 30) көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген қосымша банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін өтініш жасаған кезде;
- 31) көрсетілетін қызметті алушы лицензияның телнұсқасын алу үшін жүгінген кезде;
- 32) көрсетілетін қызметті алушы лицензияны қайта ресімдеу үшін жүгінген кезде;
- 33) тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына салымдар (депозиттер) қабылдау, салымшылардың шоттарын ашу және жүргізу;
- 34) тұрғын үй жағдайын жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу үшін салымшыларға тұрғын үй, аралық тұрғын үй және алдын ала тұрғын үй қарыздарын беру;
- 35) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтары салымшыларының салымдарын қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу және оларға тұрғын үй қарыздарын беру;
- 36) біржолғы зейнетақы төлемдерін есепке жатқызу үшін арнайы шоттар ашу және жүргізу.

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.
2.	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша "электрондық үкіметтің" <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> веб-порталы (бұдан әрі –портал); көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі.
		Құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған күннен, сондай-ақ порталға өтініш берген күннен бастап: 1) банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге арналған лицензия беру кезінде (бұдан әрі – лицензия):

3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	<p>30 (отыз) жұмыс күні ішінде;          микроқаржы ұйымын банкке айналдыру нысанында ерікті түрде қайта ұйымдастыру шеңберінде – 10 (он) жұмыс күні ішінде;          2) лицензияны қайта ресімдеген кезде:          15 (он бес) жұмыс күні ішінде;          көрсетілетін қызметті алушы бөліну немесе бөлініп шығу нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны қайта ресімдеу кезінде – 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей;          3) лицензияның телнұсқасын беру кезінде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде.</p>
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін электрондық (толық автоматтандырылған) /қағаз түрінде
5.	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі	Лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу, лицензияны қоса бере отырып, лицензияның телнұсқасын беру туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын ақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	<p>1) лицензияны бергені үшін лицензиялық алым 800 (сегіз жүз) айлық есептік көрсеткішті құрайды (әрбір банктік операциясы үшін жеке);          2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды (әрбір банктік операция үшін жеке);          3) лицензияның телнұсқасын бергені үшін лицензиялық алым осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды.          Лицензиялық алым төлемі екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасы</p>

		<p>бейрезидент-банктерінің филиалдары немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ " электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.</p>
7.	<p>Көрсетілетін қызмет берушінің және ақпарат нысандарының жұмыс кестесі</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;</p> <p>2) порталдың – жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Мерекелер туралы заңға сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін жіберу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
		<p>Көрсетілетін қызметті алушы – Қазақстан Республикасының резиденті банк заңнамасында көзделген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін порталға алғаш рет жүгінген кезде:</p> <p>1) Қағидаларға 3- қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не өтініш беруге уәкілетті адамының ( растайтын құжаттарды қоса бере отырып) электрондық цифрлық</p>

қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат түрінде Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтініш;

2) көрсетілетін қызметті алушының жарғысының электрондық көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариат куәландырған);

3) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

4) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 20-бабының талаптарына сәйкес банктің басшы қызметкерлері лауазымына ұсынылатын тұлғалардың құжаттары;

5) банктің директорлар кеңесі бекіткен ішкі аудит қызметі, Кредит комитеті туралы ереженің электрондық көшірмесі;

6) штат кестесінің электрондық көшірмесі (қызметкерлердің тегін, атын және бар болса әкесінің атын көрсете отырып);

7) жарғылық капиталдың төленгенін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

8) Банктер туралы заңның 26-бабы 2-тармағы талаптарының орындалғанын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері.

Көрсетілетін қызметті алушы – Қазақстан Республикасының резиденті банк заңнамасында көзделген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін көрсетілетін

қызметті берушінің кеңсесіне алғаш рет жүгінген кезде:

1) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтініш;

2) көрсетілетін қызметті алушы жарғысының көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариат куәландырған);

3) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжат;

4) Банктер туралы заңның 20-бабының талаптарына сәйкес банктің басшы қызметкерлері лауазымына ұсынылатын тұлғалардың құжаттары;

5) банктің директорлар кеңесі бекіткен ішкі аудит қызметі, кредит комитеті туралы ереже;

6) штат кестесі (қызметкерлердің тегін, атын және бар болса әкесінің атын көрсете отырып);

7) жарғылық капиталдың төленгенін растайтын құжаттардың көшірмелері;

8) Банктер туралы заңның 26-бабы 2-тармағы талаптарының орындалғанын растайтын құжаттар.

Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы банктік заңнамада көзделген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін алғаш рет порталға жүгінген кезде:

1) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не өтініш беруге уәкілетті адамның (растайтын құжаттарды қоса бере отырып) электрондық цифрлық

қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат түрінде Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтініш;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

3) Банктер туралы заңның 20-бабының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының басшы қызметкерлері лауазымына ұсынылатын адамдардың құжаттары;

4) штат кестесінің электрондық көшірмесі (қызметкерлердің тегін, атын және бар болса әкесінің атын көрсете отырып);

5) Банктер туралы заңның 26-бабы 2-тармағы талаптарының орындалғанын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

6) Банктер туралы заңның 42-бабы 6-тармағының екінші бөлігіне сәйкес резерв ретінде қабылданатын активтердің қалыптастырылғанын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің директорлар кеңесі бекіткен ішкі аудит қызметі , кредит комитеті туралы ережелердің электрондық көшірмелері.

Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің филиалы банк заңнамасында көзделген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне алғаш рет жүгінген кезде:

1) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан

8.

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

Республикасының банк заңнамасында көзделген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтініш;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжат;

3) Банктер туралы заңның 20-бабының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының басшы қызметкерлері лауазымына ұсынылатын адамдардың құжаттары;

4) штат кестесі (қызметкерлердің тегін, атын және бар болса әкесінің атын көрсете отырып);

5) Банктер туралы заңның 26-бабы 2-тармағы талаптарының орындалғанын растайтын құжаттар;

6) Банктер туралы заңның 42-бабы 6-тармағының екінші бөлігіне сәйкес резерв ретінде қабылданатын активтердің қалыптастырылғанын растайтын құжат;

7) Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің директорлар кеңесі бекіткен ішкі аудит қызметі , кредиттік комитет туралы ережелер.

Көрсетілетін қызметті алушы банк заңнамасында көзделген қосымша банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін порталға жүгінген кезде:

1) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не өтініш беруге уәкілетті адамның ( растайтын құжаттарды қоса бере отырып) электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат түрінде Қазақстан Республикасының банк

заңнамасында көзделген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтініш;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

3) банк операцияларының қосымша түрлерін жүргізудің жалпы шарттарын айқындайтын Қағидалардың электрондық көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне қосымша банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін жүгінген кезде:

1) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтініш;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

3) банк операцияларының қосымша түрлерін жүргізудің жалпы талаптарын айқындайтын қағидалар.

Көрсетілетін қызметті алушы лицензияның телнұсқасын алу үшін (егер бұрын берілген лицензия қағаз нысанда ресімделген болса) порталға жүгінген кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не өтініш беруге уәкілетті адамның ЭЦҚ-мен куәландырылған, электрондық құжат нысанында сұратуы (растайтын құжаттарды қоса бере отырып);

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензияның телнұсқасын беру



кезінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушы лицензияның телнұсқасын алу үшін (егер бұрын берілген лицензия қағаз түрінде ресімделген болса) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жүгінген кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысы не өтінішті беруге уәкілетті адам қол қойған еркін нысандағы өтініш (растайтын құжаттарды қоса бере отырып);

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензияның телнұсқасын беру кезінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушы порталға лицензияны қайта ресімдеу үшін жүгінген кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не өтініш беруге уәкілетті адамның ЭЦҚ-мен куәландырылған, электрондық құжат нысанында сұратуы (растайтын құжаттарды қоса бере отырып);

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу кезінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

3) ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері;

4) лицензияланатын қызмет түрінен бір немесе одан да көп банктік және өзге операциялар алып тасталған жағдайда (егер бұрын берілген лицензия қағаз түрінде ресімделген болса) лицензияның түпнұсқасы көрсетілетін қызметті алушының кеңсесіне жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы лицензияны қайта ресімдеу үшін көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жүгінген кезде:

1) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш;

2) лицензияланатын қызмет түрінен бір немесе одан да көп банктік және өзге операциялар алып тасталған жағдайда, лицензияның түпнұсқасы (егер бұрын берілген лицензия қағаз түрінде ресімделген болса);

3) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу кезінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

4) ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың көшірмелері.

1) Банктер туралы заңның 26-бабының 2 және 3-тармақтарында белгіленген талаптардың кез келгенін сақтамау;

2) банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтініш берілгенге дейін 6 (алты) ай кезеңінде құрамына банк кіретін банк конгломератының белгіленген пруденциялық нормативтерді және сақталуы міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді сақтамау;

9.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері

- 3) Банктер туралы заңның 42-бабы 6-тармағының екінші бөлігіне сәйкес резерв ретінде қабылданатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының активтерін қалыптастыру жөніндегі талапты орындамау;
- 4) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі резиденті болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органы берген, мәні бойынша ұқсас банк операцияларын немесе өзге операцияны жүргізуге Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінде қолданыстағы лицензияның болмауы;
- 5) банктің жарғылық капиталының мөлшері, құрамы мен құрылымының Банктер туралы заңның 16-бабының талаптарына сәйкес келмеуі;
- 6) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі;
- 7) тағайындауға (сайлауға) ұсынылатын кандидаттар санынан басшы қызметкерді келіспеу ( жаңадан құрылатын банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің ашылып жатқан филиалы үшін);
- 8) Қазақстан Республикасының бейрезидент- банкі филиалының басшы қызметкерлерінің қатарында кемінде екі басшы қызметкердің - Қазақстан Республикасының резиденттерінің болуы жөніндегі Банктер туралы Заңның 20-бабының 1-1-тармағында көрсетілген талапты сақтамау;
- 9) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгізілмеуі
- 10) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялануға жататын қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру

немесе тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;

11) сот орындаушысының ұсынымы негізінде соттың борышкер-көрсетілетін қызметті алушыға лицензия беруге уақытша тыйым салуы;

12) Қазақстан Республикасының заңдарында заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызметтің түрімен айналысуға тыйым салынуы;

13) көрсетілетін қызметті алушының лицензияны алуға ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігінің анықталуы.

14) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.

Көрсетілетін қызметті беруші осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының жетінші және сегізінші бөліктерінде көрсетілген құжаттар тиісінше ресімделмеген жағдайда лицензияны қайта ресімдеуден бас тартады.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге талаптар

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414. Банктерге, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарына Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру көрсетілетін қызметті алушы – Қазақстан Республикасының резиденті Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін алғаш рет және ашылатын Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін өтініш жасаған кезде көрсетілетін қызметті беруші бір өтініш негізінде бірнеше мемлекеттік қызметтердің жиынын көрсетуді көздейтін "бір өтініш" қағидаты бойынша жүзеге асырады.

Банктерді,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-банктерінің  
филиалдарын банк  
операцияларын және  
Қазақстан Республикасының  
банк заңнамасында көзделген  
өзге де операцияларды жүргізуге  
лицензиялау, ислам банктері,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-ислам банктерінің  
филиалдары жүзеге асыратын  
банк операцияларын және өзге  
де операцияларды жүргізуді  
лицензиялау қағидаларына  
2-қосымша

## Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы "Ислам банктері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру".

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрлерінің атауы:

- 1) жеке және заңды тұлғалардың талап етілгенге дейін пайызсыз депозиттерін қабылдау, жеке және заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу;
  - 2) жеке және заңды тұлғалардың инвестициялық депозиттерін қабылдау;
  - 3) банктік заем операциялары: ислам банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының мерзімділік, қайтарымдылық шарттары мен сыйақы алмай ақшалай нысанда кредиттер беруі ;
  - 4) Сауда делдалы ретінде:  
тауарды кейіннен үшінші тұлғаға сату туралы талаптарсыз;  
тауарды кейіннен үшінші тұлғаға сату талаптарымен коммерциялық кредит беру арқылы жеке және заңды тұлғаларды қаржыландыру;
  - 5) заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысу арқылы және (немесе) әріптестік талаптарында өндірістік және сауда қызметін қаржыландыру;
  - 6) лизинг (жалдау) шарттарындағы инвестициялық қызмет;
  - 7) ислам банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының банктік операцияларын жүргізу кезіндегі агенттік қызмет;
  - 8) жаңадан құрылатын ислам банкі банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін өтініш жасаған кезде;
  - 9) Қазақстан Республикасының резидент емес ислам банкінің ашылып жатқан филиалы банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін жүгінген кезде;
  - 10) көрсетілетін қызметті алушы қосымша банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін жүгінген кезде;
  - 11) көрсетілетін қызметті алушы банкті ислам банкіне айналдыру нысанында ерікті түрде қайта ұйымдастыру кезінде лицензия алу үшін жүгінген кезде;
  - 12) көрсетілетін қызметті алушы лицензияның телнұсқасын алу үшін жүгінген кезде;
- көрсетілетін қызметті алушы лицензияны қайта ресімдеу үшін жүгінген кезде.

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.
2.	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері "электрондық үкіметтің" <a href="http://www.egov.kz">www.egov.kz</a> веб-порталы (бұдан әрі – портал); көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі.
		Құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған күннен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген күннен бастап.

3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	<p>1) ислам банктері жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия (бұдан әрі – лицензия) беру кезінде: 30 (отыз) жұмыс күні ішінде;</p> <p>2) лицензияны қайта ресімдеу кезінде: 15 (он бес) жұмыс күні ішінде; көрсетілетін қызметті алушы қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны қайта ресімдеу кезінде бөлініп шығу немесе бөлу нысанында – 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей;</p> <p>3) лицензияның телнұсқасын беру кезінде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде.</p>
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша "Бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін электрондық (толық автоматтандырылған) /қағаз түрінде
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Лицензияны беру, лицензияны қайта ресімдеу, лицензияны қоса берумен лицензияның телнұсқаларын беру туралы хабарлама не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын ақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	<p>1) лицензияны бергені үшін лицензиялық алым 800 (сегіз жүз) айлық есептік көрсеткішті құрайды (әрбір банктік операциясы үшін жеке);</p> <p>2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген мөлшерлемеден 10 (он) пайызды құрайды;</p> <p>3) лицензияның телнұсқасын бергені үшін лицензиялық алым осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген мөлшерлемеден 10 (он) пайызды құрайды.</p> <p>Лицензиялық алым төлемі екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдары немесе банк</p>

		<p>операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ " электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.</p>
7.	<p>Көрсетілетін қызмет берушінің және ақпарат нысандарының жұмыс кестесі</p>	<p>1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа күндері сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен дүйсенбі - жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;</p> <p>2) порталдың – жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты болатын техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш жасаған кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Мерекелер туралы заңға сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін жіберу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p>
		<p>Көрсетілетін қызметті алушы – Қазақстан Республикасының резиденті ислам банктері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін порталға алғаш рет өтініш берген кезде:</p> <p>1) ислам банктері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге</p>



лицензия беру туралы өтініш, Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не өтініш беруге уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі-ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат түрінде ( растайтын құжаттарды қоса бере отырып);

2) көрсетілетін қызметті алушы жарғысының электрондық көшірмесі (салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда нотариат куәландырған);

3) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

4) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы " Қазақстан Республикасы заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 20-бабының талаптарына сәйкес ислам банкінің басшы қызметкерлері лауазымына ұсынылатын тұлғалардың құжаттары;

5) ислам банкінің директорлар кеңесі бекіткен ішкі аудит қызметі , кредит комитеті туралы ереженің электрондық көшірмесі;

6) штаттық кестенің электрондық көшірмесі (қызметкерлердің тегі, аты және бар болған кезде әкесінің аты көрсетілген);

7) жарғылық капиталдың төленгенін растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;

8) Банктер туралы заңның 26-бабы 2-тармағы талаптарының орындалғанын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері.

Қазақстан Республикасының резиденті – көрсетілетін қызметті алушы ислам банктері, Қазақстан Республикасының

бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне алғаш рет өтініш берген кезде:

- 1) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, ислам банктері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге арналған лицензияны беру туралы өтініш;
- 2) көрсетілетін қызметті алушы жарғысының (салыстырып тексеру үшін түпнұсқасы берілмеген жағдайда нотариат куәландырған) көшірмесі;
- 3) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 4) Банктер туралы заңның 20-бабының талаптарына сәйкес ислам банкінің басшы қызметкерлері лауазымына ұсынылатын тұлғалардың құжаттары;
- 5) банктің директорлар кеңесі бекіткен ішкі аудит қызметі, кредит комитеті туралы ереже;
- 6) штаттық кесте (қызметкерлердің тегі, аты және бар болса әкесінің аты көрсетіп);
- 7) жарғылық капиталдың төленгенін растайтын құжаттардың көшірмелері;
- 8) Банктер туралы заңның 26-бабы 2-тармағы талаптарының орындалғанын растайтын құжаттар.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы ислам банктері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын

банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін алғаш рет порталға өтініш берген кезде:

- 1) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не өтініш беруге уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат түрінде ислам банктері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтініш (растайтын құжаттарды қоса бере отырып);
- 2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;
- 3) Банктер туралы заңның 20-бабының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының басшы қызметкерлері лауазымына ұсынылатын тұлғалардың құжаттары;
- 4) штат кестесінің электрондық көшірмесі (қызметкерлердің тегін, атын және бар болса әкесінің атын көрсете отырып);
- 5) Банктер туралы заңның 26-бабы 2-тармағы талаптарының орындалғанын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері
- 6) Банктер туралы заңның 42-бабы 6-тармағының екінші бөлігіне сәйкес резерв ретінде қабылданатын активтердің қалыптастырылғанын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;
- 7) Қазақстан Республикасының бейрезидент – ислам банкінің директорлар кеңесі бекіткен ішкі

аудит қызметі, кредит комитеті туралы ережелердің электрондық көшірмелері.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкінің филиалы ислам банктері, Қазақстан Республикасының бейрезидент ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне алғаш рет өтініш берген кезде:

- 1) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ислам банктері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтініш;
- 2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжат;
- 3) Банктер туралы заңның 20-бабының талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент- банкі филиалының басшы қызметкерлері лауазымдарына ұсынылатын адамдардың құжаттары;
- 4) штаттық кесте ( қызметкерлердің тегі, аты және бар болса әкесінің атын көрсете отырып);
- 5) Банктер туралы заңның 26-бабы 2-тармағы талаптарының орындалғанын растайтын құжаттар;
- 6) Банктер туралы заңның 42-бабы 6-тармағының екінші бөлігіне сәйкес резерв ретінде қабылданатын активтердің қалыптастырылғанын растайтын құжат;
- 7) Қазақстан Республикасының бейрезидент – ислам банкінің директорлар кеңесі бекіткен ішкі аудит қызметі, кредит комитеті туралы ережелер.

8.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі

Көрсетілетін қызметті алушы ислам банктері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын қосымша банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін порталған өтініш берген кезде:

1) ислам банктері жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтініш, Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не өтініш беруге уәкілетті адамның ЭЦҚ-мен куәландырылған, электрондық құжат түрінде ( растайтын құжаттарды қоса бере отырып);

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы ақы төлеу жағдайларын қоспағанда, лицензиялық алым төлемін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

3) банк операцияларының қосымша түрлерін жүргізудің жалпы талаптары туралы қағидалардың электрондық көшірмесі

Көрсетілетін қызметті алушы ислам банктері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын қосымша банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне өтініш берген кезде:

1) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ислам банктері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтініш;

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, лицензиялық

алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

3) банк операцияларының қосымша түрлерін жүргізудің жалпы талаптары туралы ереже.

Көрсетілетін қызметті алушы банкті ислам банкіне айналдыру нысанында ерікті түрде қайта ұйымдастыру кезінде лицензия алу үшін порталға өтініш жасаған кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не өтініш беруге уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған, электрондық құжат нысанындағы сұрату (растайтын құжаттарды қоса бере отырып)

2) ислам банкінің жарғысы қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында болмаған немесе оны көрсетілетін қызметті берушінің портал арқылы алу мүмкіндігі болмаған жағдайда, оның электрондық көшірмесі;

3) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі

4) банктің исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңесі туралы ереженің электрондық көшірмесі;

5) ислам банкінің операциялар жүргізудің жалпы талаптары туралы ережелерінің электрондық көшірмесі;

6) ислам банкінің ішкі кредиттік саясаты туралы ережелерінің электрондық көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушы банкті ислам банкіне айналдыру нысанында ерікті түрде қайта ұйымдастыру кезінде лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті берушінің кеңесіне өтініш берген кезде:

1) Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ислам банктері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтініш;

2) ислам банкінің жарғысы қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында болмаған немесе оны көрсетілетін қызметті берушінің портал арқылы алу мүмкіндігі болмаған жағдайда оның көшірмесі (салыстырып тексеру үшін жарғының түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда, нотариатта куәландырылған);

3) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

4) банктің исламдық қаржыландыру қағидаттары жөніндегі кеңесі туралы ереже;

5) ислам банкінің операцияларын жүргізудің жалпы талаптары туралы ереже;

6) ислам банкінің ішкі кредит саясаты туралы ереже.

Көрсетілетін қызметті алушы лицензияның телнұсқасын алу үшін (егер бұрын берілген лицензия қағаз нысанда ресімделген болса) порталға өтініш берген кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не өтініш беруге уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрату (растайтын құжаттарды қоса бере отырып);

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, лицензияның телнұсқасын берген кезде қызметтің жекелеген түрлерімен

айналысу құқығына лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

Көрсетілетін қызметті алушы лицензияның телнұсқасын алу үшін (егер бұрын берілген лицензия қағаз түрінде ресімделсе) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне өтініш берген кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысы не өтінішті беруге уәкілетті тұлға қол қойған, еркін нысандағы өтініш (растайтын құжаттарды қоса бере отырып);

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, лицензияның телнұсқасын берген кезде қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі

Көрсетілетін қызметті алушы лицензияны қайта ресімдеу үшін порталға өтініш берген кезде:

1) көрсетілетін қызметті алушының бірінші басшысының не өтініш беруге уәкілетті тұлғаның ЭЦҚ-мен куәландырылған Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш (ислам банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкінің филиалы үшін) (растайтын құжаттарды қоса бере отырып);

2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу кезінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

3) ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде бар құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың электрондық көшірмелері;



4) лицензияланатын қызмет түрінен бір немесе одан көп банк операцияларын және өзге де операцияларды алып тастаған жағдайда лицензияның түпнұсқасы (егер бұрын берілген лицензия қағаз нысанда ресімделсе) көрсетілетін қызметті алушының кеңсесіне жіберіледі. Көрсетілетін қызметті алушы лицензияны қайта ресімдеу үшін көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне өтініш берген кезде:

1) Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш (ислам банкі, Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкінің филиалы үшін);

2) лицензияланатын қызмет түрінен бір немесе одан көп банк операцияларын және өзге де операцияларды алып тастаған жағдайда лицензияның түпнұсқасы (егер бұрын берілген лицензия қағаз түрінде ресімделсе) көрсетілетін қызметті алушының кеңсесіне жіберіледі;

3) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу кезінде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

4) ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде бар құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпарат қамтылған құжаттардың көшірмелері.

1) Банктер туралы заңның 26-бабының 2 және 3-тармақтарында, 52-17-бабының 5-тармағында белгіленген талаптардың кез келгенін сақтамау;

2) банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтініш

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздері

берілгенге дейін 6 (алты) ай кезеңінде құрамына банк кіретін банк конгломератының белгіленген пруденциялық нормативтерді және сақталуы міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді сақтамауы;

3) Банктер туралы заңның 42-бабы 6-тармағының екінші бөлігіне сәйкес резерв ретінде қабылданатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының активтерін қалыптастыру жөніндегі талапты орындамау;

4) Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі резиденті болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органы берген, мәні бойынша ұқсас банк операцияларын немесе өзге операцияны жүргізуге Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінде қолданыстағы лицензияның болмауы;

5) банктің жарғылық капиталының мөлшері, құрамы мен құрылымының Банктер туралы заңның 16-бабының талаптарына сәйкес келмеуі;

6) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеуі;

7) тағайындауға (сайлауға) ұсынылатын кандидаттар санынан басшы қызметкерді келіспеу ( жаңадан құрылатын банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің ашылып жатқан филиалы үшін);

8) Банктер туралы заңның 20-бабының 1-1-тармағында көрсетілген, Қазақстан Республикасының бейрезидент-ислам банкі филиалының басшы қызметкерлерінің қатарында кемінде екі басшы қызметкердің Қазақстан Республикасының резиденттері болуы жөніндегі талапты сақтамау;

9) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгізілмеуі ;

10) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялануға жататын қызметті немесе қызметтің жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің ( үкімінің) болуы;

11) сот орындаушысының ұсынымы негізінде соттың борышкер-көрсетілетін қызметті алушыға лицензия беруге уақытша тыйым салуы;

12) Қазақстан Республикасының заңдарында заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызметтің түрімен айналысуға тыйым салынуы;

13) көрсетілетін қызметті алушы лицензияны алуға ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің ( мәліметтердің) дәйексіздігінің анықталуы.

14) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес ұсынылатын көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімінің болмауы.

Көрсетілетін қызметті беруші осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағының тоғызыншы және оныншы бөліктерінде көрсетілген құжаттар тиісінше ресімделмеген жағдайда лицензияны қайта ресімдеуден бас тартады.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсында орналастырылған.

10.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсында

орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселесі жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.

Ислам-банктері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру көрсетілетін қызметті алушы – Қазақстан Республикасының резиденті Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін алғаш рет және ашылатын Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген банктік және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия алу үшін өтініш берген кезде бір өтініш негізінде бірнеше мемлекеттік қызметтердің жиынын көрсетуді көздейтін "бір өтініш" қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

Банктерді,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-банктерінің  
филиалдарын банк  
операцияларын және  
Қазақстан Республикасының  
банк заңнамасында көзделген  
өзге де операцияларды жүргізуге

лицензиялау, ислам банктері,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-ислам банктерінің  
филиалдары жүзеге асыратын  
банк операцияларын және өзге  
де операцияларды жүргізуді  
лицензиялау қағидаларына

3-қосымша

Нысан

"Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту агенттігі"  
республикалық мемлекеттік  
мекемесіне (БСН 191240019852)

---

(банктің,

Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-банкі филиалының  
атауы)

**Банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтініш**

**Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Мыналарды:

банк операцияларын:

---

---

---

---

---

---

---

---

Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды:

---

---

---

---

---

---

---

---

жүргізуге (валютаның түрін көрсету – ұлттық және (немесе) шетел) лицензия беруіңізді сұраймын.

Банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы туралы мәліметтер:

1. Атауы, орналасқан жері және нақты мекенжайы

---

---

---

---

---

---

---

(индекс, облыс, қала, аудан, көше, үйдiң, офистiң нөмiрi, телефон нөмiрi, факс нөмiрi, электрондық пошта мекенжайы, интернет-ресурс)

2. Банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге бiрiншi рет алынған лицензия туралы деректер:

---

---

---

---

---

---

---

(нөмiрi, күнi, лицензия берген мемлекеттiк органның атауы)

3. Жiберiлетiн құжаттардың тiзбесi, олардың әрқайсысы бойынша даналары мен парақтарының саны:

---

---

---

---

---

---

---

Банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы уәкiлеттi органның талаптарына сәйкес тәуекелдердi басқару және iшкi бақылау жүйелерiнiң болуын қамтамасыз ететiнiн растайды.

Банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы өтiнiшке қоса берiлген

құжаттардың (ақпараттың) дәйектілігін, сондай-ақ өтінішті қарауға байланысты сұратылатын қосымша ақпараттың және құжаттардың уәкілетті органға уақтылы берілуін растайды.

Банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Банктің атқарушы органы басшысының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы басшысының не өтінішті (растайтын құжаттарды қоса бере отырып)

беруге уәкілетті адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

---

(қолы)

(күні)

Банктерді,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-банктерiнiң  
филиалдарын банк  
операцияларын және  
Қазақстан Республикасының  
банк заңнамасында көзделген  
өзге де операцияларды жүргізуге  
лицензиялау, ислам банктері,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-ислам банктерiнiң  
филиалдары жүзеге асыратын  
банк операцияларын және өзге  
де операцияларды жүргізуді  
лицензиялау қағидаларына  
4-қосымша

Нысан

"Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту агенттігі"  
республикалық мемлекеттік  
мекемесіне (БСН 191240019852)

---

(ислам банкiнiң,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-ислам банкi  
филиалының атауы)

**Ислам банктері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерiнiң филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия беру туралы өтініш**

**Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Мыналарды:

1) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 52-5-бабының 1-тармағына сәйкес ислам банктерінің банк операцияларын, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 52-5-бабының 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын

---

---

---

---

2) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабына сәйкес банк және өзге де операцияларды: банк операцияларын:

---

---

---

---

өзге операцияларды:

---

---

---

---

жүргізуге (валютаның түрін көрсету – ұлттық және (немесе) шетел) лицензия беруіңізді сұраймын.

Ислам банктері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы туралы мәліметтер:

1. Атауы, орналасқан жері және нақты мекенжайы:

---

---

---

---

(индекс, облыс, қала, аудан, көше, үйдің, офистің нөмірі, телефон нөмірі, факс нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, интернет-ресурс)

2. Ислам банктері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге бірінші рет алынған лицензия туралы деректер:

---

---

---

---



---

---

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)

3. Жіберілген құжаттардың тізбесі, олардың әрқайсысы бойынша даналары мен парақтар саны:

---

---

---

---

Ислам банкі, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы уәкілетті

органның талаптарына сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуын қамтамасыз ететінін растайды. Ислам банкі, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы өтінішке қоса берілген құжаттардың (ақпараттың) дәйектілігін, сондай-ақ өтінішті қарауға байланысты сұратылатын қосымша ақпаратты және құжаттарды уәкілетті органға уақтылы берілуін растайды. Ислам банкі, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы заңмен қорғалатын құпияны құрайтын, ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Ислам банкінің атқарушы органы басшысының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-

ислам банкінің филиалы басшысының не өтінішті (растайтын құжаттарды қоса бере отырып) беруге уәкілетті адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса).

---

(қолы)

(күні)

Банктерді,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-банктерінің  
филиалдарын банк  
операцияларын және  
Қазақстан Республикасының  
банк заңнамасында көзделген  
өзге де операцияларды жүргізуге  
лицензиялау, ислам банктері,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-ислам банктерінің  
филиалдары жүзеге асыратын  
банк операцияларын және өзге  
де операцияларды жүргізуді  
лицензиялау қағидаларына  
5-қосымша  
Нысан

**Қазақстан Республикасының Елтаңбасы Уәкілетті органның толық атауы Банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензия**

**Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Лицензияның нөмірі \_\_\_\_\_

Берілген күні " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жыл

\_\_\_\_\_ (банктің,  
**Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының атауы)**

Осы лицензия операциялардың (ұлттық және (немесе) шетел валютасында) мына түрлерін:

банк операцияларын:

---

---

---

---

Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге:

---

---

---

---

құқық береді.

Бірінші рет алынған лицензия туралы деректер:

---

---

---

(лицензия берген мемлекеттік органның нөмірі, күні, атауы)

Төраға

(Төрағаның орынбасары) \_\_\_\_\_

(қолы немесе электрондық цифрлық қолтаңбасы)

\_\_\_\_\_ (аты-жөні)

Мөр орны (қағаздағы нысан үшін)

Алматы қаласы

Банктерді, Қазақстан  
Республикасы бейрезидент-  
банктерінің филиалдарын банк  
операцияларын және  
Қазақстан Республикасының



бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға \_\_\_\_\_

(лицензия берген мемлекеттік органның нөмірі, күні, атауы )

Төраға

(Төрағаның орынбасары) \_\_\_\_\_

(қолы немесе электрондық цифрлық қолтаңбасы) (инициалы, тегі)

Мөр орны (қағаздағы нысан үшін)

Алматы қаласы

Банктерді,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-банктерінің  
филиалдарын банк  
операцияларын және  
Қазақстан Республикасының  
банк заңнамасында көзделген  
өзге де операцияларды жүргізуге  
лицензиялау, ислам банктері,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-ислам банктерінің  
филиалдары жүзеге асыратын  
банк операцияларын және өзге  
де операцияларды жүргізуді  
лицензиялау қағидаларына  
7-қосымша  
Нысан

**Қазақстан Республикасының Елтаңбасы Уәкілетті органның толық атауы Ислам банктері,  
Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк  
операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге лицензия**

**Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту  
агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 107 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін  
күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Лицензия нөмірі \_\_\_\_\_

Берілген күні " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жыл

(ислам банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының  
атауы)

Осы лицензия операциялардың (ұлттық және (немесе) шетел валютасында) мына  
түрлерін:

1) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы"

Қазақстан Республикасының Заңы 52-5-бабының 1-тармағына сәйкес ислам

банктерінің банк операцияларын, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк

қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 52-5-бабының 4-тармағының

1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі филиалының банк операцияларын:

---

---

---

---

2) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабына сәйкес банк операцияларын және өзге де

операцияларды: банк операцияларын:

---

---

---

---

өзге де операцияларды жүргізуге:

---

---

---

---

құқық береді.

Бірінші рет алынған лицензия туралы деректер:

---

---

---

---

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)

Төраға

(Төрағаның орынбасар) \_\_\_\_\_

(қолы немесе электрондық цифрлық қолтаңбасы) (аты-жөні)

Мөр орны (қағаздағы нысан үшін)

Алматы қаласы

Банктерді, Қазақстан  
Республикасы бейрезидент-  
банктерінің филиалдарын банк  
операцияларын және  
Қазақстан Республикасының  
банк заңнамасында көзделген  
өзге де операцияларды жүргізуге

лицензиялау, ислам банктері,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-ислам банктерінің  
филиалдары жүзеге асыратын  
банк операцияларын және өзге  
де операцияларды жүргізуді  
лицензиялау қағидаларына  
8-қосымша  
Нысан

**Қазақстан Республикасының Елтаңбасы Уәкілетті органның толық атауы Ислам банктері,  
Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк  
операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге, және бағалы қағаздар нарығында  
қызметті жүзеге асыруға лицензия**

Лицензия нөмірі \_\_\_\_\_

Берілген күні " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жыл

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
(ислам банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкі  
филиалының атауы)

Осы лицензия:

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы  
31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 52-5-бабының 1 және 4-  
тармақтарына

сәйкес ислам банктерінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері  
филиалдарының банк операцияларын (ұлттық және (немесе) шетел валютасында)  
жүргізуіне:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы  
31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабына сәйкес ислам  
банктерінің

және Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктері филиалдарының банк  
операцияларын және өзге де операцияларды (ұлттық және (немесе) шетел  
валютасында) жүргізуге: банк операцияларын :

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
өзге де операцияларды жүргізуге:

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_  
бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға құқық береді:

Ислам банктері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары

жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге бірінші

рет алынған лицензия туралы деректер \_\_\_\_\_

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)

ислам банктері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары

жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге және бағалы

қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға құқық береді:

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)

Төраға

(Төрағаның орынбасары) \_\_\_\_\_

(қолы немесе электрондық цифрлық қолтаңбасы) (инициалы, тегі)

Мөр орны (қағаздағы нысан үшін)

Алматы қаласы

Банктерді, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерінің филиалдарын банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргізуге лицензиялау, ислам банктері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуді лицензиялау қағидаларына 9-қосымша

Нысан

(уәкілетті органның толық атауы)

## Лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.06.2023 № 61 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

байланысты

(лицензияны қайта ресімдеу себебін көрсету)

(лицензияның атауын, валюта түрін көрсету – ұлттық және (немесе) шетел)  
қайта ресімдеуді сұраймын.

Банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы туралы мәліметтер

1. Атауы, орналасқан жері

(индекс, облыс, қала, аудан, көше, үй, офис нөмірі)

телефон нөмірі, факс нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, интернет-ресурс)

2. Банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында  
көзделген өзге де операцияларды жүргізуге берілген лицензия туралы деректер

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)

3. Жіберілетін құжаттардың тізбесі, даналар саны және олардың әрқайсысы  
бойынша

парақтар саны:



---

---

Банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы өтiнiшке қоса берiлетiн құжаттардың (ақпараттың) дәйектiлiгiн растайды.

Банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы ақпараттық жүйелердегi заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәлiметтердi пайдалануға келiсiмiн бередi.

Банктің атқарушы органы басшысының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы басшысының не өтiнiш беруге уәкiлеттi адамның тегi, аты, әкесiнiң аты (ол бар болса) (растау құжаттарын қоса берумен).

---

(қолы)

(күні)

Банктердi, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерiнiң филиалдарын банк операцияларын және Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген өзге де операцияларды жүргiзуге лицензиялау, ислам банктерi, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерiнiң филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргiзудi лицензиялау қағидаларына  
10-қосымша  
Нысан

---

(уәкiлеттi органның толық атауы)

---

(ислам банкiнiң, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкi филиалының атауы)

**Лицензияны қайта ресiмдеу туралы өтiнiш (ислам банкi, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкiнiң филиалы үшiн)**

байланысты

---

(лицензияны қайта ресiмдеу себебiн көрсету)

---

(лицензияның атауын, валюта түрiн көрсету – ұлттық және (немесе) шетел) қайта ресiмдеудi сұраймын.

Ислам банкі, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы туралы мәліметтер \_\_\_\_\_

1. Атауы, орналасқан жері \_\_\_\_\_

(индекс, облыс, қала, аудан, көше, үй, офис нөмірі,

телефон нөмірі, факс нөмірі, электрондық пошта мекенжайы, интернет-ресурс)

2. Ислам банктері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банктерінің филиалдары жүзеге асыратын банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге алғаш рет алынған лицензия туралы деректер

(нөмірі, күні, лицензия берген мемлекеттік органның атауы)

3. Жіберілетін құжаттардың тізбесі, даналар саны және олардың әрқайсысы бойынша парақтар саны:

Ислам банкі, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы өтінішке

қоса берілетін құжаттардың (ақпараттың) дәйектілігін растайды.

Ислам банкі, Қазақстан Республикасы бейрезидент-ислам банкінің филиалы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға келісімін береді.

Ислам банкінің атқарушы органы басшысының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-

ислам банкінің филиалы басшысының не өтініш беруге уәкілетті адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (растау құжаттарын қоса берумен)

(қолы)

(күні)

Банктерді, Қазақстан  
Республикасы бейрезидент-  
банктерінің филиалдарын банк  
операцияларын және  
Қазақстан Республикасының

банк заңнамасында көзделген  
өзге де операцияларды жүргізуге  
лицензиялау, ислам банктері,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-ислам банктерінің  
филиалдары жүзеге асыратын  
банк операцияларын және өзге  
де операцияларды жүргізуді  
лицензиялау қағидаларына  
11-қосымша  
Нысан

\_\_\_\_\_  
(уәкілетті органның толық атауы )

\_\_\_\_\_  
(банктің, Қазақстан  
Республикасы бейрезидент-  
банкі филиалының  
атауы)

**Барлық немесе жекелеген банк операцияларын және (немесе) өзге де операцияларды жүргізуге лицензияның қолданысын тоқтату туралы өтініш**

\_\_\_\_\_  
(банктің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының атауы)

\_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ банк акционерлерінің жалпы  
жиналысының,

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкінің жалпы жиналысының  
№ \_\_\_\_\_ шешіміне сәйкес \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(өткізу орны)

Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген банк операцияларын  
және өзге де операцияларды жүргізуге

20 \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

(банктер үшін)

\_\_\_\_\_  
(лицензияның атауы)

лицензияның қолданысын тоқтатуды сұрайды

Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген жекелеген банк  
операцияларын және (немесе) өзге де операцияларды жүргізуге

20 \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(операцияның және (немесе) қызметтің шағын түрінің атауы)

лицензияның қолданысын тоқтатуды сұрайды (керегін таңдау).

Банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы өтінішке қоса берілетін

құжаттардың (ақпараттың) дәйектілігін, сондай-ақ өтінішті қарауға байланысты сұратылған қосымша ақпарат пен құжаттардың уәкілетті органға уақтылы ұсынылғанын растайды.

Қоса берілген құжаттар (жіберілетін құжаттардың атауы көрсетілген тізбесі, даналар

саны және олардың әрқайсысы бойынша парақтар саны:

---

---

---

---

Банк, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалы ақпараттық жүйелердегі

заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға келісімін береді.

Банктің атқарушы органы басшысының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-

банкінің филиалы басшысының не өтініш беруге уәкілетті адамның тегі, аты, әкесінің

аты (ол бар болса) (растау құжаттарын қоса берумен).

---

(қолы)

(күні)

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту агенттігі  
Басқармасының  
2020 жылғы 30 наурыздағы  
№ 36 қаулысына  
3-қосымша

**Күші жойылды деп танылатын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің құрылымдық элементтерінің тізбесі**

1. "Банкті ашуға рұқсат беру, сондай-ақ банктер бағалы қағаздар рыногында жүзеге асыратын қызметті, банктік және өзге операцияларды лицензиялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 сәуірдегі № 121 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4718 болып тіркелген, 2007 жылғы 13 шілдеде "Заң газеті" газетінде № 106 (1309) жарияланған).

2. "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Банкті ашуға рұқсат беру, сондай-ақ банктер бағалы қағаздар рыногында жүзеге асыратын қызметті, банктік және өзге

операцияларды лицензиялау ережесін бекіту туралы" 2007 жылғы 30 сәуірдегі № 121 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 30 маусымдағы № 99 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5273 болып тіркелген, 2008 жылғы 15 қыркүйекте Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері жинағында № 9 жарияланған).

3. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 28 қарашадағы № 182 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5478 болып тіркелген, 2009 жылғы 17 ақпанда "Заң газеті" газетінде № 24 (1447) жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 1-тармағы.

4. "Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Банкті ашуға рұқсат беру, сондай-ақ банктер бағалы қағаздар рыногында жүзеге асыратын қызметті, банктік және өзге операцияларды лицензиялау ережесін бекіту туралы" 2007 жылғы 30 сәуірдегі № 121 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 27 наурыздағы № 53 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5663 болып тіркелген, 2009 жылғы 29 мамырда "Заң газеті" № 80 (1677) жарияланған).

5. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 22 тамыздағы № 235 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8009 болып тіркелген, 2012 жылғы 21 қарашада "Егемен Қазақстан" газетінде № 763-767 (27839) жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 2-тармағы.

6. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 сәуірдегі №110 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8505 болып тіркелген, 2013 жылғы 6 тамызда "Заң газеті" газетінде № 115 (2490) жарияланған) бекітілген Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 18-тармағы.

7. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 16 шілдедегі № 109 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9712 болып тіркелген, 2014 жылғы 28 қазанда "Заң газеті" газетінде № 162 (2556) жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 4-тармағы.

8. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі көрсететін мемлекеттік қызметтердің бизнес-процестерін оңтайландыру және автоматтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 261 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10211 болып тіркелген, 2015 жылғы 26 ақпанда ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі көрсететін мемлекеттік қызметтердің бизнес-процестерін оңтайландыру және автоматтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 2-тармағы.

9. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 30 сәуірдегі № 71 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11534 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) 1-тармағының 25), 27) және 28) тармақшалары.

10. "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне банктер арасындағы активтер мен міндеттемелерді бірмезгілде беру жөніндегі операцияны жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 8 мамырдағы № 78 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11149 болып тіркелген, 2015 жылғы 27 мамырда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) бекітілген Банктер арасындағы активтер мен міндеттемелерді бірмезгілде беру жөніндегі операцияны жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 2-тармағы.

11. "Банкті ашуға рұқсат беру, сондай-ақ банктер бағалы қағаздар рыногында жүзеге асыратын қызметті, банктік және өзге операцияларды лицензиялау ережесін бекіту туралы" 2007 жылғы 30 сәуірдегі № 121 қаулысына өзгерістер енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 242 қаулысы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13423 болып тіркелген, 2016 жылғы 4 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

12. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 71 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 37 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15210 болып тіркелген, 2017 жылғы 22 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) 1-тармағының оныншы және он бірінші абзацтары.

13. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 31 шілдедегі № 149 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15685 болып тіркелген, 2017 жылғы 27 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) 1-тармағының 17), 19) және 20) тармақшалары.